

2020 жылғы
№ 6 педагогикалық кеңес
Шешімімен бекітілді

Бекітемін:
№ 65 ЖББОМ директоры
М.С.Жантурина



№65 жалпы білім беретін орта мектептің 2019-2020 оқу жылындағы талдау жұмысы

**№65 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІ БОЙЫНША
2019/2020 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ АТҚАРҒАН ОҚУ- ТӘРБИЕ
ЖҰМЫСЫНА
ЖЫЛДЫҚ ТАЛДАУ ЕСЕБІ**

Мектеп өз қызметінде жоғары дамыған интеллектуалдық тұлға ретінде дамуға және қалыптасуға бағытталған. Мектептің негізгі мақсаттарына міндетті түрдегі мемлекеттік стандарт минимумын игеру негізінде оқушыларда жалпы мәдени тұлға қалыптастыру, олардың қоғам өміріне бейімделу, таңдау жасау үшін негіздер құру және кәсіби білім беру бағдарламаларын игеру, азаматтыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, адамның құқықтары мен еркіндігін құрметтеу, табиғатын, Отанын, отбасын сүю, салауатты өмір салтын қалыптастыру жатады.

«Білім туралы» ҚР Заңы, ҚР Мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының білімі, «2019-2020 оқу жылында ҚР жалпы білім беретін оқу мекемелерінде ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы» нұсқаулық-әдістемелік хаты, мектеп жарғысы, жылдық жоспар негізінде мектеп нормативтік-ақпараттық құжаттар арқылы қызмет істейді.

Мектептің барлық жұмыс жүйесін тұтастай байланыстыратын мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін арттырудың басты құралы әдістемелік жұмыс болып табылады. Мектептің әдістемелік жұмысының рөлі қазіргі заман жағдайында оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістемелерін, тәсілдері мен түрлерін тиімді қолдануға байланысты артып отыр.

**I. ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІКТІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР НӘТИЖЕСІ**

Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибелерге еніп нәтижелер беруде. Бұл жетістіктерге арнайы курстар, тәжірибе алмасу және жалықпай іздену арқылы жетті десе де болады. Оқыту әрекетінде мұғалім мен оқушының тығыз байланыста болуы, мұғалім бар күш-жігерін, педагогикалық шеберлігін оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуда, шығармашылық жағдай жасауда, оқушының өз тарапынан белсенділік, өзіне деген сенімділігі арқылы ғана шығармашылық әрекетті қалыптастыруға көптеген жұмыстар атқарылды.

2018-2019 оқу жылының жұмыс талдауы негізінде құрылған, жаңа оқу жылына тұжырымдар мен ұсыныстарды есепке ала отырып, мектеп жұмысының кешендік жоспарына сәйкес жүргізілді. Осы оқу жылында педагогикалық ұжым «Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияны тиімді пайдалану» тақырыбындағы проблеманы зерттеу мақсатында жұмыстанды.

Әдістемелік бірлестік отырыстарында жоғарыдағы тақырыптар бойынша баяндама тыңдалып, талқыланып, хаттамалар жинақталды.


II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ СТАНДАРТЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

2019-2020 оқу жылында 1 кластар саны - 2, бала саны 42 бен аяқтады. Білім сапасы - 83%, үлгерімі 100%. 2 кластар саны-2, бала саны 55, білім сапасы - 76 %, 3 кластар - 1, бала саны - 26 мен аяқтады, білім сапасы - 65%, 4 кластар - 2, бала саны - 36, білім сапасы - 78 %, бастауыш кластар бойынша 2019-2020 оқу жылын 161 оқушы аяқтады, оның ішінде- озат оқушылар - 66, екпінді оқушылар - 56, білім сапасы - 77%, үлгерімі - 100% .


Орта буын бойынша: 5 кластар саны - 2, бала саны - 38, білім сапасы - 47%. 6 кластар саны - 1, бала саны- 25, білім сапасы - 56%. 7 кластар саны - 2-еу, бала саны - 36, білім сапасы - 36%, 8 кластар саны - 1еу, бала саны - 26, білім сапасы - 37%, 9 кластар саны - 1, бала саны - 25, білім сапасы - 52%. 5-9 кластар бойынша 151 оқушы аяқтады, оқу озаттары - 17, екпінділер саны - 51, білім сапасы - 45%, үлгерімі - 100%

10 кластар саны - 1, бала саны - 10, білім сапасы- 60%, 11 кластар саны - 1еу, бала саны-11, білім сапасы - 54%,үлгерімі - 100%. 10-11 кластар бойынша жалпы бала саны - 21, оқу озаттары - 3, екпінділер - 9, білім сапасы - 57%, үлгерімі - 100%.

Жалпы 2019-2020 оқу жылының қорытындысы бойынша 1-11 кластарда 331 оқушы аяқтады, оның ішінде озаттар - 86, оқу екпінділері - 116, білім сапасы 61%, үлгерімі – 100%.



2017-2018, 2018-2019, 2019-2020 оқу жылдарының білім сапасын салыстырсақ, былтырғы оқу жылына қарағанды білім сапасы + 2,6% жоғары.



Шешім: 2020-2021 оқу жылында 1-11 класстар оқушыларының білім сапасының тұрақтылығына қол жеткізу мақсатында мектепшілік бақылау одан әрі күшейтілсін.

Ұсыныс: 2020-2021 оқу жылында 1-11 класс оқушыларының тоқсан сайын білім сапасын қорытындыланып отыру жолға қойылсын.

III. ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ 2019/2020 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІ

Жантурина Марфуха Саменовна - мектеп директоры, бастауыш класс мұғалімі білімі жоғары, Еңбек стажы-29 жыл. Педагог –зерттеуші.

Жантурина Марфуха Саменовна өз кәсібін шебер меңгерген, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, инновациялық әдіс –тәсілдерді кез-келген ортада өзінің шеберлігімен көрсететін көшбасшылық қасиеті бар іскер маман.«Назарбаев ЗМ» ДДДҰ Педагогикалық шеберлік орталығы Ақтөбе облысы бойынша «Орта білім мазмұнын жаңарту аясында бастауыш класс мұғалімдерінің тренері».2019 Ж- Алматы технологиялық университетінен - Алғыс хат.2019 Ж- Бастауыш мектеп республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журналда мақала.2019 Ж – Ақтөбе қалалық ғылыми-әдістемелік орталығы: "Жаңартылған бағдарламалар бойынша бастауыш пәндерін оқыту ерекшеліктері - қалалық семинар

2019 Ж – Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығынан бастауыш сынып мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиадада белсенділік танытқаны үшін- Алғыс хат.2019 Ж – Темір аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінен - Алғыс хат. 2019 Ж -Келіссөз, медиа және құқық орталығы "Халықаралық құқық қорғау орталығы" Республикалық қоғамдық бірлестігі. " Медия-бабалар дәстүрі" атты семинар-практикум-Сертификат. 2019 Ж -Ақтөбе қаласы әкімдігінен ұстаздар мерекесіне- Алғыс хат. 2019 Ж - ҚР Білім және ғылым Министрлігі Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінен Ұстаз күніне орай - Алғыс хат. 2019 Ж - Республикалық "Өрлеу" білім-ғылым технология порталынан Мақтау қағазы. 2019 Ж – Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығынан Ақтөбе

қаласында өткізілген Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің отырысы аясында "Оқушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау әдістері" сессиялық жұмысында белсенділік танытқаны үшін- Алғыс хат. 2019 –Ақтөбе облысының әкімдігінен -Алғыс хат. 2019 Ж - "НЗМ" ДББҰ ПШО ҚР "Жетекші мектеп - білім беру мазмұнын жаңарту аясында даму алаңы" тақырыбындағы ІІІ аймақтық форумның қатысушысы -Сертификат. 2019 Ж – Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы. «Диктанттар жинағы». 2019 Г. "НЗМ" ДББҰ ПШО ҚР орта білім мазмұнын жаңарту аясында бастауыш сынып пәндері мұғалімдерінің біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламасы тренеріне Алғыс хат. 2019 Ж –Ақтөбе облысының әкімдігінен алғыс хат. 2019 Ж - "НЗМ" ДББҰ ПШО деңгейлік бағдарлама бойынша "Құзыретті мұғалімнен табысты оқушыға» тақырыбындағы облыстық семинар- Алғыс хат. 2019 Ж -Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған республикалық "ПедСтарт" қашықтық олимпиадасының қатысушысы – Сертификат. 2019 Ж- "НЗМ" ДББҰ ПШО "Жетекші мектеп қоғамдастықтары арасында ұйымдастырылған "Үздік кәсіби қоғамдастық" облыстық байқауы" қатысушысы. 2019 Ж- "НЗМ" ДББҰ ПШО ҚР "Мектеп менеджменті: тиімді басқару мен сапалы білім беру" Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің кеңейтілген отырысы аясында өткізілетін " Критериалды бағалаудың өзекті мәселелері" семинары

2020 Ж - "Көшбасшы" педагогикалық орталығы , "Көшбасшы мұғалім-көшбасшы - Учитель-лидер" республикалық ғылыми - әдістемелік журналының Алғыс хаты.

2020 Ж - "Көшбасшы" педагогикалық орталығы , "Көшбасшы мұғалім-көшбасшы - Учитель-лидер" республикалық ғылыми – әдістемелік журналының редакциясы. "Көшбасшы мұғалім -Учитель-лидер" республикалық ғылыми-әдістемелік журналының №5, 2020 ж. санында авторлық материал жариялағаны үшін – Сертификат. 2020 Ж- Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал "Көшбасшы мұғалім" 2020 Ж - " Өрлеу" БАҰО" АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша ПҚБАИ "Педагогикалық мәдениет пен білімнің гендерлік аспектілері" онлайн семинары – Сертификат. 2020 Ж -" Өрлеу" БАҰО" АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша ПҚБАИ қашықтық олимпиадасына белсене қатысқаны үшін - Алғыс хат. 2020 Ж –ҚР БжҒМ "Өрлеу" БАҰО "АҚ "Жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған қысқа мерзімді жоспарлар жинағы ISBN 978-601-341-469-0.

2020 Ж - "Өрлеу" БАҰО" АҚ филиалы Түркістан облысы Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ " Жаңартылған білім беру мазмұнының негізін құрайтын педагогикалық тәсілдер мен әдістерді тиімді пайдалану" - республикалық онлайн-семинар

2020 Ж – ҚР БжҒМ "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы ІІІ дәрежелі Диплом Дүниетану пәнінен бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған республикалық "ПедСтарт" қашықтық олимпиада жүлдегері. 2020 Ж- Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік. Объектінің атауы: Кіші бастауыш буындағы жаратылыстану пәні терминдері арнаулы курсының бағдарламасы.

2020 Ж – ҚР БЖҒМ "Өрлеу" БАҰО" АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты Шымкент қаласы білім басқармасының әдістемелік орталығынан "Жаңартылған білім беру мазмұнының негізін құрайтын педагогикалық тәсілдер мен әдістерді тиімді пайдалану" тақырыбындағы республикалық онлайн-семинарда оқу мен оқытуда жаңартылған білім беру мазмұнының негізін құрайтын тиімді әдіс -тәсілдерді көрсетіп, педагогикалық шеберлікті жетілдірудегі озық тәжірибесімен бөліскені үшін - Алғыс хат. 2020 Ж- ҚР БЖҒМ "Өрлеу" БАҰО АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты "Жаңартылған білім беру мазмұнының негізін құрайтын педагогикалық тәсілдерді тиімді пайдалану" тақырыбындағы республикалық онлайн-семинарда озық тәжірибесімен бөліскені үшін беріледі – Сертификат. 2020 Ж- НЗМ ДББҰ Ақтөбе облысы бойынша ПШО - "Бағалау – оқушының оқу жетістіктерінің салыстыруға негізделген үдеріс" тақырыбында облыстық семинар. 2020 Ж - ҚР БЖҒМ Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінен - Алғыс хат.

Исабекова Айманкүл Шайкуловна – директордың оқу – тәрбие ісінің орынбасары. Еңбек стажы-33 жыл. Бастауыш класс мұғалімі. Білімі жоғары. Педагог–зерттеуші.

"Назарбаев зияткерлік мектептері" ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша өңірлік және мектеп үйлестірушілерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша оқыту курсы аяқтады.

«Өрлеу» БАҰО филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының ұйымдастыруымен «Педагогикалық қызметті критериалды бағалау: жаңа стратегиялар және мүмкіндіктер (біліктілікті арттырудың қазіргі моделі аясында)» тақырыбындағы on-line режимінде өтетін халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысты тақырыбы «Бастауыш сынып оқушыларын критериалды бағалау арқылы сапалы білімге жетелеу». Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының «Құрмет грамотасымен» марапатталды. «Бастауыш білім беру жүйесіндегі кіріктіру: тәжірибе және қолдану практикасы» республикалық интернет-конференциясының жинағына «Бастауыш буында кіріктірілген пәндерді оқытудың тиімді жолдары» тақырыбында мақаласы жарияланды. «Қазақстан орта мектебі» республикалық ғылыми-әдістемелік журнал.

Шағырова Венера, 1«а» класс мұғалімі. Еңбек стажы-27 жыл.

Білімі жоғары Санаты: педагог-сарапшы. Жаңартылған білім беру мазмұнын курсы бітірген Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың «Тиімді оқыту» білім бағдарламасы бойынша мұғалімдердің оқыту курсы аяқтады. «Сертификат» ТО №006514. Бастауыш сынып мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиада «Алғыс хатпен» марапатталды. Дарынды ұстаздар және дарынды оқушылар шеруінде жиынында «Алғыс хатпен» марапатталды. Бастауыш сынып мұғалімдеріне

арналған республикалық «ПедСтарт» қашықтық олимпиадасы «Сертификат» қатысушы. «Алғыс хат»-Ақтөбе облыстық ғылыми –тәжірибелік орталығы-2019ж. «Бала тәрбиесі» №2.2019. Әдебиеттік оқу: «Аққу,шортан һәм шаян». «Бала тәрбиесі» №4.2019. Қазақ тілі: «Түбір сөз және туынды сөз». «Бала тәрбиесі». 2019ж.- Әдебиеттік оқу: «Мен соғысты жек көрем баспаларында мақалалары жарық көрді. «Бастауыш сынып « республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал. №10(114) 2019ж Дүниетану пәнінен «Су.Судың қасиеттері». «Бастауыш сынып « республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал. №2 (118)2020ж Математика пәнінен «Шаршының қабырғаларын өлшеу». «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы «Сертификат»2020жыл. Ақтөбе облысы бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің арасында өткізілген қашықтық олимпиадасына белсене қатысқаны үшін «Алғыс хат» 2020жыл. «Диплом» -пони халықаралық байқауына жеңімпаздар мен жүлдегерлер сапалы дайындағаны үшін.2019-2020 оқу жылы. Бастауыш класс мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиададан «ІІІ дәрежелі Диплом» марапатталды. Қазақстан педагогтар қауымдастығының ұйымдастыруымен өткен республикалық «Үздік ұстаз-2019»байқауының «Диплом» және «Үздік педагог» төс белгісімен марапатталды. Бастауыш сынып –республикалық педагогикалық –әдістемелік журналының «Дипломымен» марапатталды. «Куәлік»-«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жағдайында педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін дамыту». «Алғыс хат» Республикалық дарынды оқушылар порталы ұйымдастырған шығармашылық байқауға шәкірттер дайындағаны үшін. Қалалық білім беру қызметкерлерінің кәсіподақ комитетінің «Алғыс хаты» марапатталды. BiLGEN bAIGE " халықаралық олимпиадасына үлес қосқаны үшін «Дипломмен» марапатталды Электронды орта «Бастауыш сыныпқа арналған авторлық бағдарлама»2019ж. Әдістемелік құрал-«Бастауыш класс оқушыларының қабілеттерін дамытудың тиімді жолдары»2019ж. Алғыс хат - Республикалық дарынды оқушылар порталы. «Алғыс хат»-Республикалық ХХІ ғасыр талаптылары. Сертификат-Педстарт дүниетану пәні 2020ж.

Еспамбетова Айгуль Бартаевна - 1«ә» класс мұғалімі, Еңбек өтілімі-22 жыл

Білімі жоғары Санаты: педагог-зерттеуші. Жаңартылған білім беру мазмұнын курсын бітірген. Мұғалімнің өзекті мәселесі:Сапалы білім беруде жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалана отырып, оқушыларды сауатты оқуға, көркем жазуға бейімдеу және ойлау қабілеттерін дамыту. Мақсаты:Ата-ана, мұғалім және оқушы арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыра отырып, білім сапасын арттыру.

"Білген олимпиадасына" белсенді үлес қосқаны үшін - Алғыс хат. Алматы-аудандық әкімдігінен - Алғыс хатпен марапатталды. Ақтөбе облысы бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің арасында өткізілген қашықтық олимпиадасына белсене қатысқаны үшін «Алғыс хат»2020жыл. «Диплом» - пони халықаралық байқауына жеңімпаздар мен жүлдегерлер сапалы дайындағаны үшін.2019-2020 оқу жылы. Бастауыш класс мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиададан «ІІІ дәрежелі Диплом»

марапатталды. «Куәлік»-«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жағдайында педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін дамыту». «Алғыс хат» - қалалық олимпиада. 3 орын - Педсарт- мұғалімдерге арналған республикалық олимпиада.

Аманкулова Нургүл Карипуллаевна - 2«а» класс мұғалімі. Еңбек стажы-8. Жоғары білімді,біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты маман. Жаңартылған білім беру мазмұнын курсын бітірмеген.Әр оқушының жеке ерекшелігіне қарай білім беруде өзін-өзі дамыту процесіндегі интеллектуальдық шығармашылық белсенділігін арттыру мақсатында жұмыс жасайды. Мұғалімнің өзекті мәселесі: «Заманауи технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылығын дамыту. 2020 жылдың қаңтар айында бастауыш сыныптар арасында өткен облыстық семинарда дүниетану пәнінен «Дұрыс тамақтана білейік» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Бастауыш класс мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиададан «ІІІ дәрежелі Диплом» марапатталд. Куәлік- Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жағдайында педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін дамыту. Алғыс хат- Республикалық үздіксіз даму орталығы. Алғыс хат - Ақтөбе қаласы білім бөлімі. 2019ж

Құрмет грамотасы- Барыс-2019 республикалық олимпиада жүлдегерлерін дайындағаны үшін. Алғыс хат- «Дарабоз» оқу орталығы-2019ж

Жүсіпова Гүлнұр Нұрболатқызы-2 «ә» класс мұғалімі . Еңбек өтілі-14 жыл. Білімі: жоғары Санаты: педагог-зерттеуші. «Бастауыш сынып мұғалімдері»арасында өткен пәндік олимпиада «Алғыс хат» Ақтөбе облыстық-ғылыми тәжірбиелік орталағының ұйымдастыруымен өткен. Алғыс хат «Ақтөбе ғылыми-тәжірбиелік орталығы -2019», Алғыс хат «Дарын»2019. Алғыс хат «Мәңгілік ел жастары қоғамдық қоры »2019ж. Алғыс хат «Барыс-2019». Алғыс хат «Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» 2019 ж. 2020 жылдың қаңтар айында бастауыш сыныптар арасында өткен облыстық семинарда дүниетану пәнінен «Қауіпсіздік ережелері » тақырыбында ашық сабақ өткізді. Бастауыш класс мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиададан «ІІІ дәрежелі Диплом» марапатталды. «Куәлік»-«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жағдайында педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін дамыту». «І дәрежелі Диплом»-Республикалық «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» Блиц-турнир жеңімпазы. Алғыс хат - республикалық математика пәнінен жеңімпаздар дайындағаны үшін. Сертификат - «Ұстаз тілегі» республикалық ғылыми әдістемелік сайтында «Уақытты анықтау үшін» Дүниетану пәнінен оқу-әдістемелік материал жариялағанын растайды.

Усманова Жания Шындауыловна – 3 класс мұғалімі. Еңбек стажы: 23 жыл. Білімі жоғары. Санаты: педагог-зерттеуші. Деңгейлік бағдарлама бойынша ІІІ негізгі деңгейдегі мұғалім, мектеп тренері. Жаңартылған білім беру мазмұнын бітірген.Қалалық ғылыми әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткізілген «Жаңартылған бағдарлама бойынша бастауыш пәндерді оқыту ерекшеліктері» тақырыбындағы дөңгелек үстелде «Жаңаша әдіс-тәсілдердің тиімділігі мен әсері» атты кері байланыс өткізді.

Ақтөбе облысы қашықтық олимпиадасынан «Алғыс хат» 2020 жыл. Педагогикалық шеберлік орталығы. Вебинар өткізгенін растайтын анықтама 2020 жыл. Пони халықаралық байқауы «Диплом» 2020 жыл. Бастауыш класс мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиададан «II дәрежелі Диплом» марапатталды. «Куәлік»-«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жағдайында педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін дамыту». «Алғыс хат» республикалық «Өнеге» интеллектуалды білім порталы. «Құрмет грамотасы» - Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы- 2019 ж. Сертификат-«Назарбаев зияткерлік мектебі семинарға қатысқаны үшін 2019 ж. Сертификат- Ақтөбе облысы «Үздік кәсіби қоғамдастық» облыстық байқауына қатысушы.

Алимбетова Балзира Ерғалиқызы - 4 «ә» класс мұғалімі. Еңбек стажы: 13 жыл. Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты маман. Білімі арнаулы орта. Жаңартылған білім беру мазмұнын курсы бітірген. Қалалық семинарға қатысу: №1 ОМ 22.01.19 ж «Блум таксономиясы-сапалы оқытудың тиімді жолы». №32 24.04.19 ж ОМ «Оқушылардың оқу жетістігін бағалау». №65 ЖББОМ 11.03.19 ж «Өнерге баулу өнегелі іс», №27 ОМ «Кіші мектеп жасындағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары» Ақтөбе ОМ «Бастауыш кластарда жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер» Облыстық семинарға қатысу, №65 ЖББОМ 14.11.18 ж «Жаңартылған бағдарламалар бойынша бастауыш пәндерін оқыту ерекшеліктері». «Алғыс хат» - «Үш бәйтерек» онлайн байқауына шәкірт дайындағаны үшін «I дәрежелі диплом» Республикалық «өнеге» интеллектуалды білім порталы. Бастауыш класс мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиададан «III дәрежелі Диплом» марапатталды. «Құрмет грамотасы»-Ақтөбе облыстық ғылыми –тәжірибелік орталығы 2019 ж. «Куәлік»-«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жағдайында педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін дамыту».

Жайтуғанова Нұрлыгүл Шауқымовна – 4 ә класс мұғалімі, бастауыш сынып мұғалімі. Еңбек өтілі: 19 жыл Білімі: арнаулы орта, жоғары Санаты: педагог модератор. Өзекті мәселесі: «Қазіргі заман талабына сай, бәсекеге қабілетті, нәтижеге бағытталған тұлға тәрбиелеу». ПОНИ» халықаралық сайысынан Алғыс Хат. «Куәлік»-«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жағдайында педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін дамыту». Бастауыш класс мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиададан «III дәрежелі Диплом» марапатталды

Исабекова Шынар Жарылқасынқызы - мектепалды даярлық тобы тәрбиешісі. Еңбек стажы-14 жыл. Санаты жоқ. Кластан тыс шаралар: Әнімді анама арнаймын – ертеңгілік. Тәуелсіздік шапағатым тәрбие сағаты.» Мектепке жол» ертеңгілік. АО «НЦПК Өрлеу» Курс тақырыбы: «5 жастағы балаларды «Әліппеге». Оқыту бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру» Сертификат. I халықаралық эссе, мәнерлеп оқу байқауына белсене қатысушыларды қатыстырғаны үшін Алғыс хат. «Қазақстан орта мектебі» республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. №7-8. 2018. Куәлік - «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жағдайында педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін дамыту». «Диплом»- Пони

халықаралық байқауына жеңімпаздар мен жүлдегерлер дайындағаны үшін. «2 дәрежелі Диплом»-Республикалық бастауыш сыныптар олимпиадасының жеңімпазы. «Алғыс хат»-Халықаралық білім беру интеллектуальдық шығармашылығы 2019 ж. «Алғыс хат» -Ақтөбе қаласының білім бөлімі 2020ж. Сертификат - «Daryn.online» 1 республикалық «Кемеңгер ұстаз» олимпиадасына қатысқанын растайды.

Коянбаева Асылгүл Жайылханқызы - физика пәні мұғалімі, білімі жоғары, еңбек өтілі - 33 жыл. Жоғары санатты мұғалім. «Физика және астрономия» республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал, №4-6, 2019 жыл. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибе орталығы.

Нұсқаулық -2019ж .Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибе орталығы. Электрондық орта -2019ж. Respublika Ustazdary №13-14.2019ж. «Білім-жаңа бағдар» республикалық ғылыми-әдістемелік журнал №6 .2019`Ustaz.tilegi`Республикалық ғылыми-әдістемелік сайтына 4 сабағы жарияланды. ҚББ кәсіподақ ұйымы 2018ж- Алғыс хат. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибе орталығы 2019ж - Құрмет грамотасы. КИО- Сертификат. Қазақстан педагогтар қауымдастығы- Диплом “Үздік Ұстаз - 2019”. Қазақстан педагогтар қауымдастығы - Медаль “Педагогика саласының үздігі”. Ақтөбе облыстық білім басқармасы 2020ж-Құрмет грамотасы. Ustaz.tilegi`Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы -Сертификат. Vpo.kz . виртуалды олимпиада- II дәрежелі Диплом.

Зейнуллаев Асхат - математика пәні мұғалімі, еңбек өтілі- 3 жыл, санаты жоқ, білімі жоғары, педагогикалық ғылымдарының магистрі. “Инфоурок” сайтына 3 ашық сабағы жарияланды. «Математиканы оқытуда АКТ пайдалану» тақырыбында «Педагог ізденісі» Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал №6.2020ж. «Математиканы оқытуда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану»- Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибе орталығы- Әдістемелік -2020ж. «Педагог ізденісі» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы. Алғыс хат. «Педагог ізденісі» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы –Сертификат.

Нағыметова Н.А – информатика пәні мұғалімі, 2 санатты мұғалім, еңбек өтілі 16 жыл. «Информатика негіздері» республикалық ғылыми-әдістемелік журнал - №3.2020ж. Республикалық информатика пәнінің ұстаздары арасындағы қашықтық олимпиада - II дәрежелі диплом. Ақтөбе қ.білім беру қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы - Алғыс хат. КИО- Сертификат

Сүтенов Жанибек Жанатаевич – химия пәні мұғалімі, білімі жоғары,. 2 санатты мұғалім. Еңбек өтілі – 4 жыл «Использование педагогических методов и технологий в преподавании химии» «Қазіргі ғылымның негізгі аспектілері» атты қашықтан өткізілген Республикалық магистранттар мен жас ғалымдар конференциясының материалдар жинағы- Сертификат. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибе орталығы 2019ж - III дәрежелі Диплом. Республикалық “QAZBILIM” орталығы-Сертификат. Kaz.TEA – Сертификат. American Corner – Certificate.

Кукинбаев Самат Дауренбекович - биология пәні мұғалімі, білімі жоғары, педагог- модератор. Еңбек өтілі- 12 жыл. Жетістіктері: Kaz.TEA -

Certificate of attendante. «ZIAT»Ғылыми-әдістемелік орталығы. Қазақстан Республикасының Білім министірлігі - Құрмет грамотасы. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибе орталығы 2019ж - II дәрежелі Диплом. Қазақстан педагогтар қауымдастығы - Диплом “Үздік Ұстаз - 2019”. Қазақстан педагогтар қауымдастығы -Медаль “Педагогика саласының үздігі”.

Қабақбаев Баубек Амангалиевич – география пәні мұғалімі, білімі жоғары, еңбек өтілі – 13 жыл. Санаты жоқ. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибе орталығы-Сертификат. «Туристік –өлкетану қызметі білім мен тәрбиенің құралы» облыстық семинар- Сертификат. ҚББ басшысы атынан - Алғыс хат. «Өрлеу» БАҰО АҚ директоры атынан-Алғыс хат. НЭШ директоры атынан –Сертификат.

Мусаева Асия Қайратқызы – биология пәні мұғалімі, білімі – жоғары, санаты жоқ. Еңбек өтілі – 2 жыл. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибе орталығы 2019ж - III дәрежелі диплом. Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасарынан Алғыс хат.

Бекжанова Элеонора Куанышкалиевна - орыс тілі пәнінің мұғалімі, білімі- жоғары, санаты: педагог – зерттеуші, еңбек өтілі - 27 жыл. Республикалық ITALANT.KZ шығармашылық байқауда шәкірт дайындағаны үшін –Алғыс хат. Республикалық ILEADER.KZ шығармашылық байқауда шәкірт дайындағаны үшін –Алғыс хат.

Жаксылық Гүлзат – орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, еңбек өтілі – 1 жыл, санаты жоқ. Қыркүйек айында облыстық орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері арасында ұйымдастырылған пәндік олимпиададан 3 дәрежелі дипломмен марапатталды.Білім жетілдіру курстары: Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жағдайында педагог қызметкерлердің кәсіби құзіреттілігін дамыту» тақырыбында 8 сағаттық семинарға қатысып,сертификат алды.Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың «Тиімді оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша 296 академиялық сағат көлемінде мұғалімдерді оқыту курсы аяқтап, сертификат алды. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы өткізген Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдері үшін критериялды бағалау бойынша 40 академиялық сағат көлемінде Каникулдық мектеп шеңберіндегі семинарына қатысты.

Тулесов Бауыржан Бакитжанович-ағылшын тілі пәні мұғалімі педагог – зерттеуші, педагогикалық стажы 20 жыл.

ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде ” Ағылшын тілі ” пәні бойынша педагогика кадырларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 160 академиялық сағат көлемінде оқыту курсы аяқтады. ” Өрлеу” біліктілікті арттыру ұлттық орталығы. “Таксономия Блума как эффективный способ оценивание на уроках английского языка в рамках обновленного содержания образования “семинарға қатысып куәлігіне ие болдым. Август 2019 “Advancing learning seminar series “семинарға қатысып сертификатқа ие болды. 2019 “ Practical approach in using Full Blast 9th grades series “ organised by MM Publications семинарға қатысып сертификатқа ие болды. 2019 Ағылшын тілі пәні мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиадада

III орынға ие болғаны үшін дипломмен марапатталды. “Сабақты зерттеу: қазақстандық мектептер тәжірибесі” III-ші Өңірлік тәжірибелік конференциясында баяндама жасап, қосқан үлесім үшін грамотамен марапатталдым. 2019 ж “Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жағдайында педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін дамыту” семинарға қатысып куәлігіне ие болды.

Ершекенова Назгүл Бектуғанқызы–қазақ тілі пәнінің мұғалімі, білімі-жоғары, санаты: педагог - модератор, еңбек өтілі-8. «QAZAQ EPOS» жобасының «Тұлпар мініп, ту алған!» байқауында белсенді қатысқаны үшін Диплом. «MANGILIK EL JASTARY» қоғамдық қорының I республикалық «ҮШ Бәйтерек» онлайн байқауына шәкірт дайындағаны үшін Алғыс хат. Qaztest.kz –II Республикалық «Үздік педагог» олимпиадасында II дәрежелі Диплом және Сертификат. Qaztest.kz –II Республикалық «Үздік педагог» олимпиадасында II дәрежелі Диплом және Сертификат. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы –Құрмет грамота. Республикалық ITALANT.KZ шығармашылық байқауда шәкірт дайындағаны үшін –Алғыс хат. Республикалық ILEADER.KZ шығармашылық байқауда шәкірт дайындағаны үшін –Алғыс хат. Республикалық Жас талап шығармашылық байқауда шәкірт дайындағаны үшін-Мадақтама. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша облыстық пәндік олимпиададан-Сертификат. «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жағдайында педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» семинардан –Сертификат (Өрлеу). Халықаралық ғылыми тәжірибе орталығынан шәкірт дайындағаны үшін –Алғыс хат. Қазақстан педагогтар қауымдастығынан «Үздік педагог» төсбелгісі. Қазақстан педагогтар қауымдастығы ұйымдастырған «Егемен еліміздің үздік ұстаздары» байқауынан Диплом. Ұлы Жеңістің 75 жылдығы мен Әлия Молдағұлованың 95 жылдығына арналған "Батырлар жыры-жастар үні" атты қалалық байқау-Алғыс хат. Ақтөбе қаласы білім беру қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағынан-Алғыс хат. SanaEducation – интеллектуалды білім порталы Республикалық «Абай әлемі» онлайн байқауында шәкірттерін баптап, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы аясында Абай шығармашылығын насихаттауға атсалысқаны үшін - Алғыс хат. www.orleu.kz порталында «Біз біргеміз,біз үйдеміз» бейнеролигі жарияланды (Өрлеу)-Сертификат. «Мектептегі кәсіби бағдар: Тұлғаның кәсіби құндылығы және педагогика мамандығы»атты ғылыми-республикалық конференция - сертификат (Қызылорда қаласы). «Мен Отанымды жырлаймын» Республикалық сырттай интернет –байқауынын – сертификат (Өрлеу).

Қызылбаева Зульфия Еспановна - ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, білімі - жоғары, санаты - II, еңбек өтілі - 8.

«QAZAQ EPOS» жобасының «Тұлпар мініп, ту алған!» байқауында белсенді қатысқаны үшін Диплом. «Ustaz Tilegi» Ашық сабақ жарайяладым Сертификат. Алғыс хат. Республикалық I SCHOOL.KZ шығармашылық байқауда шәкірт дайындағаны үшін –Алғыс хат. Ағылшын тілі пәні бойынша облыстық пәндік олимпиададан-Сертификат. «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жағдайында педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» семинардан –Сертификат (ӨРЛЕУ). Teacher resousce -

2020 журналына "Professions " атты сабағым жарияланды. "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы өткізген Қазақстан республикасының жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдері үшін критериалды бағалау бойынша 40 академиялық сағат көлемінде Каникулдық мектеп шеңберіндегі семинарына қатысып Сертификат берілді

Тлепова Ляззат Киякбаевна - Педагогикалық стажы 10 жыл, II санатты Тарих пәнінің мұғалімі, білімі жоғары. Егемен еліміздің үздік ұстаздары - 2019 атты республикалық байқауда жұмыстары үздік деп танылып «Үздік педагог» дипломымен және медалімен марапатталды. Ақтөбе ұстаз газетіне. «Ортағасырлық қоғамды қаланың сәулеті мен өнері қалай бейнелейді?» Қабілет республикалық – әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткізілген республикалық «жаңа білім беру жүйесі терия, ізденіс, практика» атты V ғылыми ғылыми тәжірибелік конференциясына ұсынған ғылыми жұмыстары үздік деп танылғаны үшін дипломмен марапатталды. Ақтөбе қаласының 150-жылдық мерейтойы және Тұңғыш Президент күніне орай ұйымдастырылған «Туған өлкеге саяхат» танымдық қалалық байқауында дипломмен марапатталды. Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық басылым Қазақстан тарихы әдістемелік журналына мақала Тақырыбы: «Шығыстағы Ренессанс әлемдік мәдениетті қалай байытты?» «Сақтар туралы тарихи мәліметтер», «Бабалар тілі мыңжылдақтар тілі», «Сүйем сені туған ел». Ақтөбе облысының білім басқармасының құрмет грамотасымен марапатталдым. BILGEN халықаралық инновациялық шешімдер орталығының дипломымен марапатталдым. 9 ақпан – ақиық ақын М.Мақатаевтың туған күні құрметіне және Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 85 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Біз қоғаммен өсеміз» атты Ақтөбе облыстық пікірсайыс турниріне қатысқаны үшін Ақтөбе облыстық жастар ресурстық орталығының Алғыс хатымен марапатталдым.

Абжалелова Гульфица Танатаровна – қазақ тілі пәнінің мұғалімі, білім - жоғары, санаты жоқ, еңбек өтілі-22. «Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жағдайында педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбында оқыту курсы аяқтады. Куәлік №034201. Ziatker .kz оқу – әдістемелік орталығына Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым порталында авторлық материал жариялағаны үшін «Алғыс хатпен» марапатталды. № А -1577375109. Ziatker .kz оқу –әдістемелік орталығына Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым порталында авторлық материал жариялағаны үшін «Алғыс хатпен» марапатталды. № А -1577372041. Ziatker .kz оқу –әдістемелік орталығына Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым порталында авторлық материал жариялағаны үшін «Құрмет грамотасымен» марапатталды. № KG-1577375109.

Алматы қаласы республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық мерзімді баспасөз басылымы «Білім әлемі» мерзімді баспасөз ұйымдастырған жаңа білім беру жүйесіндегі іс-шараларға қосқан үлесі мен шығармашылық табыстары үшін грамотасымен, мерзімді баспасөз басылымында «Үздік сабақ» көрсеткені үшін алғыс хатпен және мерзімді баспасөз ұйымдастырған «Бүгінгі таңдағы

жаңа білім берудің мәселелері мен болашағы» атты конференцияда баспа бетіне «Үздік сабақ» көрсеткені үшін марапатталды. Ziatker.kz-Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым порталында авторлық материал жариялағаны үшін 5 кл қазақ әдебиеті «Қыпшақ Сейіткүл–еңбек адамы» Сертификат № С-1577370622, «Сейіткүл –ел қамқоршысы» №-1577369439, Б.Алтынсарин «Атымтай Жомарт» , «Жомарттық – қайырымдылық тамшысы» Сертификат № 1577371586, «Төрт түлік» Сертификат №1577374586, «Бозторғай» Сертификат №1577374762 т,б материалдарды жариялағаны үшін сертификаттарға ие болды. . Қазақ тіл мұғалімдеріне арналған республикалық «ПедСтарт» қашықтық олимпиадасы «Сертификат» қатысушы. UST.KZ Ұстаз тілегі сайтынан турнирге қатысып «Үздік педагог» II дәрежелі диплом, қазақ тілі пәні бойынша III дәрежелі дипломмен марапатталды.

Берікқызы Айман – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. Еңбек өтілі 12 жыл, санатты педагог – сарапшы. «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жағдайында педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» семинардан –Сертификат (Өрлеу).

Амитова Рауза Адильгереевна - көркем еңбек пәні мұғалімі , педагог-сарапшы, еңбек өтілі - жыл, білімі жоғары.

«Костюм дайындау (шағын сән мүсінге немесе қуыршаққа)» Республикалық Журнал Көркем еңбек журналы сәуір №1.1. «Идеяларды дамыту. Нобай дайындау» - USTAZLAND.kz- ұстаздар сайтында орналасатын «Ұстаз тәжірибесі»-республикалық электронды журналы. Орта білім берудің жаңартылған мазмұны шеңберінде «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнінен оқытушылардың біліктілігін арттыру бойынша курс 108 академиялық сағат – Өрлеу біліктілікті арттыру институты. Педагогикалық мәдениет пен білімнің гендерлік аспектілері» тақырыбындағы облыстық әдістемелік онлайн семинарға қатысып (сертификат). 2019 жыл 30-31 қазан күндері Қалалық көркемсурет лицейі жанынан құрылған «Өрнек» көркем шығармашылық шеберханасында «Бейнелеу саласындағы инновациялық технологиялар» атты жалпы тақырыбындағы шебер – класқа қатысты (сертификат). Елбасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Шығармашылық Академиясында 2020 жылғы 27 ақпанда ұйымдастырылған «7 бояу» бейнелеу өнері студиясы бойынша облыстық шебер сабағына қатысты (сертификат). Елбасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Шығармашылық Академиясында 2020 жылғы 3 наурызда ұйымдастырылған «Fashion Queen» қолданбалы өнер факультеті бойынша облыстық шебер сабағына қатысы (сертификат) . Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы Технология пәні мұғалімдер арасында өткен облыстық пәндік олимпиадада белсенділік танытқаны үшін Алғыс хат. «Kazrio.kz-жас өркен» -білім мен қабілетті дамыту порталы, оқу әдістемелік орталығының директоры Б. Ермаханұлы Республикалық «Жас өркен»порталы ұйымдастырған шығармашылық байқауларға шәкірттерді дайындағаны үшін Алғыс хат. Республикалық педагогикалық –әдістемелік журнал . «Көркем еңбек. Художественный труд » республикалық педагогикалық журналына жарияланған үздік материалы үшін дипломмен марапатталды - Сертификат. USTAZLAND.kz- ұстаздар сайтында орналасатын

«Ұстаз тәжірибесі»-республикалық электронды журналына «Идеяларды дамыту. Нобай дайындау» тақырыбы жарияланды. «Халықаралық Экология, Инженерия және Педагогика Ғылымдар Академиясы» қоғамдық қоры «Platon» Халықаралық білім дамыту орталығының Алғыс хаты

Үмбет Мейрамбек – көркем еңбек пәні мұғалімі, білімі жоғары, еңбек өтілі – 22 жыл санаты жоқ. (совместитель)

Мейірман Мадина-музыка пәні мұғалімі, білім жоғары, педагогикалық өтілі 12 жыл, санаты жоқ. Тамыз конференция «Музыка сабақтары арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу». Алғыс хат .20.09.2019ж. Ақтөбе қаласы білім бөлімінің басшысы С.Сүлейменовтың Құрмет Грамотасы. Жас талант республикалық вокал жаныры бойынша байқауға оқушы қатыстырған үшін Алғыс хат. 2020 жылы қаңтар айында I Республикалық «Балдәурен» байқауы өткізілді. Оқушылардың жетістіктеріне орай Үздік Ұстаз грамотасымен марапатталды.

Тагабиргенов Бақыт Жанатович – алғашқы әскері дайындық жетекшісі, білімі арнаулы орта, еңбек өтілі – 3 жыл.ҚР Тәуелсіздік күніне және Ұлттық ЮНЕСКО клубтары Федирациясының 10 жылдығына орай жасанды шынға өрмелеу облыстық жарысына оқушыларды нәтижелі дайындағаны үшін алғыс хатпен марапатталды. Спорттық бағдарлаудан Ақтөбе облысының ашық жарысына спортшыларды даярлап ат салысқан үшін Алғыс хатпен марапатталды. Ақтөбе облысының ашық жарысына спортшыларды даярлап ат салысқан үшін Алғыс хатпен марапатталды. 2020 жылдың 15 мамыр айында Ақтөбе облысының әкімдігінен Алғыс хатпен марапатталды.

Қайнадин Бекбол Киікбайұлы – дене шынықтыру пәні мұғалімі, педагог – модератор, еңбек өтілі – 3 жыл.Қараша айында дене шынықтыру пәні мұғалімдері арасындағы облыстық олимпиададан 2-орын алды.

Ажарбай Мейрхан – – дене шынықтыру пәні мұғалімі, санаты жоқ, еңбек өтілі – 1 жыл. Қараша айында дене шынықтыру пәні мұғалімдері арасындағы облыстық олимпиададан сертификат алды.

Айдар Қанат Ерденұлы – – дене шынықтыру пәні мұғалімі, санаты жоқ, еңбек өтілі – 2 жыл.«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ және «Ақтөбе қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ ұйымдастыруымен 16желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай жас мамандар арасында «Шахмат »спорт түрінен өткен сайыста 3 орынмен марапатталды.

Түйін: Бірлестік мүшелері жыл бойына байқауларға қатысып, білім,біліктерін арттыру курстарына мектеп әдіскерінің жоспары бойынша қатысып отырған,алдағы оқу жылында да бұл жұмыстарды жүйелі жалғастыру керек. Бірлестік мүшелері апталық кезінде ғана ашық сабақтар мен кластан тыс-іс шаралар өткізген, Өз тәжірибелерін ортаға салып тәжірибе алмасу жұмысын күшейту.

IV. МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ПОТЕНЦИАЛДЫҚ ДЕҢГЕЙЛЕРІ

Жыл бойы әдістемелік 5 – кеңес отырысы, 5 - әдістемелік бірлестік апталығы, 1- облыстық семинар, 2 қалалық семинар, дөңгелек үстел ұйымдастырылып, «жоғары» деңгейде өткізілді. Педкеңес, оқу ісі орынбасары, оқу - әдістемелік орынбасар, ДЖК – терде ҰБТ қорытындысы, ӘБ апталығы, жекелеген пәндердің берілуі, бастауыш пен орта буын арасындағы байланыс сапасы қаралып, дәптер жүргізу, апталықтардың қорытындысы, тәжірибе тарату, пәндік кабинетті жасақтау т.б. өзек болды.

Білімі бойынша

Оқу жылдары	2017/2018	%	2018/2019	%	2019/2020	%
Мұғалімдер саны	39	100	36	100	39	100
Жоғ.білімді мұғалімдер	34	87	37	90,2	34	87
Аяқталм.жоғары	0	0	0	0	0	0
Арнаулы орта	5	12,8	4	10	5	12,8

Еңбек өтілі бойынша

Оқу жылдары	2017/2018	%	2018/2019	%	2019/2020	%
Мұғалімдер саны	39	100	36	100	39	100
0-3 ж дейін	3	8	10	24,3	7	17,9
3-5 ж	5	13	10	24,3	3	8
6-10 ж	9	23	8	19,5	7	17,9
11-15 ж	7	18	4	9,7	7	17,9
16-20 ж	4	10	5	12,1	6	15,3
20ж жоғары	11	28	4	9,7	9	23

Педагог кадрлардың біліктілігін көтеру.

Мақсаты: Педагогтардың біліктілігін көтеруге жағдай жасау.

Пед. қызметкерді аттестаттау - рефлексивтік-аналитикалық іс жосығында жеке және ұжымдық жүйе.


Қызметтер:

1. Пед. қызметкерлер аттестациясының дайындығын әзірлеу;
2. Педагогтардың кәсіби қолдау жасалуын және ағымдық кеңес беруін ұйымдастыру;
3. Мұғалімнің жеке жұмысын ұйымдастыру;
4. Оқушылардың білім сапасының диагностикасы;
5. Ашық сабақтар мен шараларды дайындауға көмек көрсету.

Өз біліктіліктерін мына мұғалімдер көтерді:


2017-2018 оқу жылында

№	Аты-жөні	пәні	санаты
1	Жантурина М.С.	Бастауыш сынып пәндері	Педагог-зерттеуші
2	Исабекова А.Ш.	Бастауыш сынып пәндері	Педагог-зерттеуші
3	Кукинбаев С.Д.	Биология	Педагог-модератор
4	Куписова Н.А.	Орыс тілі мен әдебиеті	Педагог-сарапшы
5	Бекжанова Э.К	Орыс тілі мен әдебиеті	Педагог-зерттеуші
6	Тулесов Б.Б.	Ағылшын тілі	Педагог-зерттеуші
7	Жайтуғанова Н.Ш.	Бастауыш сынып пәндері	Педагог-модератор
8	Арыстанбекова А.	Бастауыш сынып пәндері	Педагог-модератор




2018-2019 оқу жылы

№	Аты-жөні	пәні	санаты
1	Еспамбетова А. Б.	Бастауыш сынып пәндері	Педагог-зерттеуші
2	Амитова Р.А.	Технология пәні	Педагог-сарапшы
3	Берікқызы А.	Қазақ тілі және қазақ әдебиеті	Педагог-сарапшы
4	Ершекенова Н.Б.	Қазақ тілі және қазақ әдебиеті	Педагог-модератор




2019-2020 оқу жылы біліктілік санатын көтерген мұғалімдер

№	Аты-жөні	пәні	санаты
1	Усманова Жания	Бастауыш сынып пәндері	Педагог-зерттеуші
2	Жүсіпова Гүлнұр	Бастауыш сынып пәндері	Педагог - зерттеуші
3	Шағырова Венера	Бастауыш сынып пәндері	Педагог - сарапшы
4	Қайнадин Бекбол	Дене шынықтыру пәні	Педагог - модератор



Оздерінде санаттары бар мұғалімдер:

№	Аты-жөні	пәні	санаты
1	Тагабиргенова А.К.	Орыс тілі мен әдебиеті	Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты мұғалім
2	Қоянбаева А.Ж.	Физика	Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты мұғалім
3	Қзылбаева З.Е.	Ағылшын тілі	Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты мұғалім
4	Нағыметова Н.	Информатика	Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты мұғалім
5	Тлепова Л.К.	Тарих	Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты мұғалім
6	Амангулова Н.К.	Бастауыш сынып пәндері	Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты мұғалім
7	Алимбетова Б.Е.	Бастауыш сынып пәндері	Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты мұғалім



Осы екі оқу жылын салыстыра келсек мұғалімдердің кәсіби деңгейлік потенциалы жоғарылағаны көрінді.

V. ЖАС МАМАНДАРМЕН ЖҰМЫС

Мақсаты: Жас мамандарға көмек көрсету мақсатында жұмыс жасау, жеке бақылауды іске асыру.

Қызметтері:

1. Мектеп бойынша педагогикалық тәжірибені зерттеу (жыл бойы сабақтарға);
2. Жас мамандарға үздіксіз білімді қалыптастыру және тәрбиелеу;
3. Бір кезеңге педагогтың жоспарларын қоса отырып, тұтастай қызмет түрлерін бірігіп әзірлеу, пәндер бойынша сыныптан тыс жұмыстар әзірлеу.

Жас мамандар бірлестігінің құрамында 10 жас маман жұмыс жасады. Жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалды. Қыркүйек айында оқу-тәрбие үрдісіне қатысты нормативті құжаттармен, оқушыларды оқытуға қойылатын талаптармен таныстыру мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жас мамандарға түйіндеме, портфолио мазмұны туралы ақпараттар берілді. Тақырыптық-күнтізбелік жоспарлауды әдістемелік бірлестік жетекшісі және тәлімгер тарапынан жеке пән бойынша оқу бағдарламасын түсінуге, сондай-ақ күнделікті сабақ жоспарларын құруда, журнал толтыруда әдістемелік көмек көрсетілді.

Жас мамандарға тәлімгерлер бекітілді.

№	Аты-жөні	Пед. өтілі	Тәлімгері
1	Ақжарбай М.	1	Амитова Р.
2	Айдар Қ.	3	Жайтуғанова Н.
3	Күсебай Қ.	3	Шағырова В.
4	Мусаева А.	2	Қоянбаева А.
5	Қайнадин Б.	3	Амитова Р.
6	Зейнулаев А.	3	Нағыметова Н.
7	Кәдір Ж.	1	Бекжанова э.

Жас мамандарға бекітілген тәлімгерлерге оқу сапасы бойынша есеп тапсыруға, өзінің жұмысына талдау жасауға үйретті. Жас мұғалімдер портфолиосы жөні түсінік беріліп, жинақталды. Тәлімгерлер жыл бойы жас мамандардың сабақтарына қатысып, талдау жүргізіліп, жасалған

жұмыстарының нәтижесінде зерттеу жасалып, әр бір жас мұғалімнің деңгейі анықталды. 2018 жылдың 18 қарашасында жас мамандарға арналған мектепшілік «Сабақ үстіндегі тәртіп мәселесі». Тақырыбында семинар-практикум өткізілді. Семинар барлық жас маман қатысып, өз шеберліктерін танытты. Тәжірибе алмасып бірігіп жұмыс жасады. Жоспар бойынша 05.02-10.02 аралығында жас мамандар апталығы өтті. «Асыл тастан, ақыл жастан...» атты апталықтың мақсаты жас мамандардың кәсіби шеберліктерін шыңдау, теориялық білімдерін практикада қолдану аясын саралау болды. Апталықтың ашылуында «Көңілді сәт» атты тақырыппен Күсебай Қызғалдақ психологиялық тренинг өткізді. Тренингте мектебіміздің жас мамандары, пән мұғалімдері қатысып, жас мамандарға сәттілік тіледі. Апталықтың қорытындысына «Жас маман - 2020» атты жас мамандар сайысы ұйымдастырылды.

VI. МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНЫҢ ЖҰМЫС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2019-2020 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарында білім беру процесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың міндетті мемлекеттік стандартына, Мектепалды даярлықтың білім беру бағдарламасы және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес ұйымдастырылды.

2019-2020 оқу жылын 33 бала аяқтады. Мектепалды даярлықта 2 тобы бар, 2 тәрбиеші жұмыс жасайды,

Бүгінгі таңда жастардың өмірге тәрбиелеудің әрбір жас адамның жеке тұлғасының өмірлік бағыт-бағдарын анықтайтын дүниетанымын қалыптастырудың қоғам алдындағы үлкен міндеттері мектепке жүктелген. Мектепке бару - бала өміріндегі үлкен жаңалық, шешуші кезең, өмір мен іс - әрекеттің жаңа күшіне, қоғамдық жаңа орынға көшу, ойы жетілуінің бір сатысы. Мектепалды даярлық тобы 5-6 жасар балалардың дене дамуы мен психологиялық саулығын қорғау және нығайту, ақыл - ойын жетілдіру, олардың бойында қарапайым білім негіздерін, іскерлік пен дағдылардың алғы шарттарын қалай отырып, бастауыш мектепке білім алуға бірдей бастапқы мүмкіндіктермен қамтамасыз ету.

Мектепалды даярлық топтарының қол жеткізген мақсаттары:

- қоршаған ортаның терең сырларын аша білуге бағыттау;
- өз елінің мәдениетін, тарихын үйрене отырып, Отандық және әлемдік мәдениетке баулу;
- баланың ойлау қабілеттерін жетілдіру, бала бойындағы талант көзін ашып, тілін байыту.

Осы мақсаттарға жету үшін көптеген шаралар, жұмыстар жүргізілді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және Үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепалды даярлық сыныптарында оқу жүктемесі 24 сағатты құрайды, оның ішінде 20 сағаты

сабақтарға, 4 сағаты-вариативтік компонентке қарастырылған. Тәрбиеленушілер бүгінгі күні буындап оқып, жаза біледі және 20-ға дейін тура және кері санап, ауызша есеп шығара алады. Айналада болып жатқан құбылыстарды танып, ертегілерді мазмұндап, өлеңдерді жатқа айта біледі. Биылғы оқу жылында 1-ші класқа 43 оқушы қабылданды. Олардың 84% мектепке дайындықтан өтіп келді.

ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-на сай 5-6 жасқа дейінгі балалардың мүмкіншіліктерін ашуға бағытталған білім берудің бес саласы бойынша (денсаулық, қатынас, таным, шығармашылық, әлеуметтік орта) жүзеге асады. Бағдарлама мазмұны баланың тұлғалық және физиологиялық, әлеуметтік, қатынастық, шығармашылық, танымдық дамуын қамтамасыз етеді. Бағдарламада бала ойынына үлкен мән беріледі. Бала ойын арқылы өзін қоршаған әлемді, табиғатты таниды.

Мектепалды даярлық тобына бөлмесі бар. Бөлме талапқа сай безендірілген, балаларға арналған шешінетін зоналар ұйымдастырылған. Ойын бөлмесі жыл сайын, түрлі-түсті көрнекіліктермен құрастыру ойыншықтары, үстел үстінде ойналатын ойындар, спорттық ойынға қажетті (доп, секірткіш т.б) құралдармен толықтырылып отырады. Биылғы жылы мектеп жанына тәрбиеленушілеріне арналған алаңы ұйымдастырылды.

Мектепалды даярлық топтары тәрбиеленушілері таза ауыз сумен қамтамасыз ету ұйымдастырылды. Бөлмелер санитарлық талаптарға сай.

Шешім: мектепалды даярлық топтарының жұмыстары қанағаттанарлық деп табылсын.

Ұсыныс: мектепалды даярлық топ пен бастауыш буын арасындағы сабақтастықты жүйелеу.

VII. ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС

Оқушылардың дарындылығын, ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім жеке тұлғаны тек қана жаңа тұрпатты педагог қалыптастыра алады. Дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыс мұғалімнің жеке жоспарымен жүзеге асырады. Бастауыш сатысының мұғалімдері оқу - тәрбие жұмыстарын бірдей жүргізеді. Олар кіші мектеп жасындағы оқушылардың тұлғасының үйлесімді дамуын, жоғарғы адамгершілік сезімдерінің қалыптасуына мүмкіндіктер тудыра біледі. Бастауыш сатысының мұғалімдері мен оқушылары мектеп және қала өміріне де белсене араласады. Оған төмендегі жетістіктер куә бола алады.

2019-2020 оқу жылынан бастап №65 ЖББОМ дарынды оқушылармен жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс жүргізілді.

Жұмыстың мақсаты:

дарынды балаларды анықтау, қолдау және дамыту, олардың қабілеттеріне сәйкес өзін-өзі жүзеге асыруы, кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін жағдай жасау.

Мақсаттарына сәйкес міндеттері белгіленді:

педагогтарды дарынды балалармен жұмыстың психологиялық ерекшеліктері мен әдістемелік тәсілдері туралы ғылыми деректермен таныстыру; өздігінен білім алу, біліктілікті арттыру курстары арқылы оқыту; оқушыларға өз қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік беретін әртүрлі конкурстар, олимпиадалар мен зияткерлік ойындарына қатысуға жағдай жасау.

Мектебімізде дарынды оқушыларды оқыту оқушылардың өздері хабарлаған білімді меңгеруін ғана емес, сонымен қатар қажетті ақпаратты, жұмыс әдістерін, ұйымдастырылған теориялық және практикалық қызметті іздестіруді де көздейді.

Мұғалімдер оқушыларды олимпиадаларға, интеллектуалды конкурстарға, қашықтық олимпиадаларға, пән бойынша сыныптан тыс жұмыстарға, пәндік апталықтарға, жоғары оқу орындарының олимпиадаларына, халықаралық конкурстарға қатыстыра отырып, шығармашылық әлеуеттің дамуымен айналысады.

Оқушылардың жетістігі

Бастауыш сынып

р/с	Іс-шара атауы	Қатысқан оқушылар саны	жетістігі
1	«Білген бәйге» қалалық олимпиадасы	8	1.Бөкенбай А, 2.Марал Л, 3.Махабатқызы А, 4.Қуанбай Б, 5.Әбдібек М, 6.Жайман Д, 7.Машырық А, 8.Русланқызы А.
3	Қалалық дарынды балалр байқауы	2	1.Сағындықова Кәусар- «Алғыс хат» 2.СәкенқызыЖұлдызай- «3 дәрежелі Диплом»
4	Облыстық оқырмандар байқауының қатысушылары	2	1.Қуанбай Бекзат - Алғыс хат 2. Машырық Ақниет -Алғыс хат
5	«Пони»-халықара лық конкурсы	17	1.Мұқанов Нұрсейіт -жүлдегер 2. Бақтығали Дарын -жүлдегер 3.Жадигер Алишер -жүлдегер 4.Есенгелді Жайдарман-жүлдегер 5.Иманбаев Мирас-жүлдегер 7.Қуандық Арай- жүлдегер 8.Асқарқызы Арай-жүлдегер 9.Еркеғалиев Мансур-жүлдегер 10.Бақытоа Алихан-жүлдегер

			11. Жайман Дінмұхамбед-жүлдегер 12. Бисұлтан Арнұр-жүлдегер 13. Сағидолла Малика-жүлдегер 14. Жолымбетов Өркен –жеңімпаз 15. Амиров Хаким 16. Андреева Жазира 17. Болатова Ақбота
жүзеге асыру, оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау бағытында мектепте жоспарлы жұмыс жүргізілді. Мектепте қыркүйек айының алғашқы жетісінде « Денсаулық фестивалі» ұйымдастырылып барлық мектеп оқушы, мұғалімдер ұжымының жүгіру кросы ұйымдастырылды. Мектеп ата-аналарымен сенбі күндері мектеп спорт залында волейбол жарыстары ұйымдастырылып тұрды. Ата-аналар ұжымымен «Толағай» отбасы сайысы оқушы - әке- ана арасында өткізіліп тұрды. Мектепте тұрақты денсаулықты насихаттайтын санбюлетеньдер шығарылады. Мектеп медбикесі Идрисова Амангүл 24.01.20 20 күндері « Құтырма», «Минингит», « Қызылша» аурулары туралы мектептің барлық оқушыларына дәріс оқыды. 26.11 . 2019 «Денсаулық зор байлық» тақырыбымен мектеп медбикесі 4бастауыш класс оқушыларымен кездесулер өткізді. 2020 жыл қаңтар айында «Қазір сенде жалын да бар от та бар» тақырыбымен апталық өтті. 16- желтоқсан Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында тоғызқұмалақ ұлттық ойынынан мектепшілік біріншілік ұйымдастырылып жүлделер жеңімпаздарға табысталды. Мектеп спорт залында салауатты өмір салтын насихаттау, спорт денсаулық кепілі деген жалынды сөздермен спорт зал әрленіп кіші футболдан мектепшілік жарыс өткізілді. 1- желтоқсан Бүкіләлемдік ЖИТС-ке қарсы күн датасына орай Ақтөбе облысының ЖИТС алдын алу және оған қарсы күрес орталығының дәрігер эпидиомологі Артықбаева Алтынай Есетқызы мектепке келіп 8-9-10-11 класс оқушыларына салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында кездесу , пікірлесі сабағын өткізді. 9 класс жетекшісі А. Берікқызы 19- қараша Халақаралық темекімен күрес күні қарсаңында « Темекі тарқаның өзінді құртқаның» тақырыбына тәрбие сағатын өткізді. Мектеп мақтанаштары ағайынды Салимгореевалар 8 кл, 9 кл бірнеше дүркін қала, облыстың шыңға өрмелеуден чемпиондары , облыс қала грамоталарымен марапатталған оқушылар. Мектепте оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануына үйірме , секция жұмыстары үлкен қосып отыр . Үйірмелер төмендегі кестеге сәйкес жыл бойы жұмыстарын жүргізіп келді. Мектептің 366 оқушысының 80 % үйірмеге тартылған.

Отбасы тәрбиесі.

Тәрбие негізі отбасында қалыптасады. Отбасы мен мектеп бірлесе дайындаған тәрбиелік шаралар бала тәрбиесіне бағытталған.

Мектепте 2019-2020 оқу жылына арналған ата-аналармен жүргізілетін шаралардың жоспары бекітілді. Негізгі бағыттары – жалпы мектептің ата-аналар жиналыстарын өткізу, ата-аналар комитетінің жұмысын ұйымдастыру, ата-аналарға лектория дайындау, жеке жұмыстар жүргізуі. Оқу жылында тәрбие кешенді бағдарламаны орындау, ұстаз – оқушы-ата-ана триадасының жаңа технологияларын енгізу мақсатында көптеген жұмыстар атқарылды.

2019-2020 оқу жылы бойынша ата-аналар жиналысы уақытылы өтіп тұрды. Мектепте «Ұлағат» әкелер клубы ауыл ақсақалы Нұсқабаев Қуандық ағайдың басшылығымен жұмыс жасайды. Клубтың мақсаты отбасылық

құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу болып табылады. Мектептегі барлық іс-шаралар мектептегі қамқоршылық кеңесі төрағасы экономика ғылымдарының кандидаты институт мұғалімі Атаниязов Жұмабай ағаймен бірлесе отырып жасалады. Қыркүйек айында «Отбасы тәрбие бастауы» жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Мектепте ата-аналармен класс жетекшілер байланысы жолға қойылған. Мектепте сабаққа қатысым журналы күнде толтырылып оқушының сабаққа қатысымы оқушы сабақта жоқ болған жағдайда ата-анаға хабарланады. 8 қазан 2019 ж мектептің жалпы ата-аналар жиналысында «Суицидтің алдан-алу жолдарын білеміз» бемектеп психологі Қ.Күсебай баяндама жасады., «Оқушылар тәрбиесіндегі ортақ жол» Әмитова Рауза ата-аналарға тренинг өткізді. 14-қаңтар 2020 жыл жалпы ата-аналар жиналысында «Снюс шегуге арналған темекі және темекі өнімдерін әкелуге, сатуға таратуға тыйым салу туралы Ж.М Бекшиннің 12.12.2019 қаулысын талқылау баяндамашы Ж.Сутенов ата-аналардың жалпы жиналысында баяндады. Сонымен қатар, ҰБТ-тапсырушыларының ата-аналарымен бірге бірлескен кеңестер өткізіліп, оқушыларды психологиялық тұрғыдан дайындығы тексерілді. Баланың ата-анасымен, қоршаған ортамен, ұстаздармен, достарымен байланысы, мектеп ережесін сақтау әр оқушының міндеті, «Болашақтың иелері балаларға біз қандай тәрбие беріп отырмыз» тақырыптары толық талданып, сараланды. Барлық кластың хаттамалары уақытында толтырылып отырды. Оқу жылы бойынша 9 және 11 класс оқушыларының ата-аналарына кәсіптік бағдар беру бағытында түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Ата-аналармен бірлесе дайындаған қайырымдылық концертінде ата-аналардың қызығушылығы мен қатысымы ерекше болды. Барлық кластың ата-аналар комитеттері арасында намаз оқу, діни бағыттар және мектеп ережесін сақтау туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Рақымшылық заңының жүзеге асуы кезінде өмірде болып жатырған келеңсіз оқиғалардан оқушыларды, ата-аналарды хабардар ету және балалардың өмірін сақтау, қазіргі кезде өрт қауіпсіздігінің алдын алу, жол ережесін қатаң сақтау мақсатында бұйрық шығарылып, таныстырып қол қойылды. Мектеп психологы психологиялық тренинг өткізіп, ата-ананы ойландыратын проблемаларын анықтады. 2019-2020 оқу жылында мектептің қамқоршылық кеңесі тоқсанына 1 реттен өздерінің кеңес отырысын өткізді. Қамқоршылық кеңесінің кеңес барысында қабылдаған қаулылары мектептің, қалалық білім бөлімінің инстиаграмм парақшаларында жарияланды. Мектепте оқушылар тәртібіне байланысты жоспар бойынша айына 1 рет тәртіптік кеңес отырысы өткізіліп, тиісті ата-аналар шақырылады. Қамқоршылық кеңесі мен «Ұлағат» әкелер мектебі мектеп ұжымымен бірге жалпыхалықтық мереке 22 наурыз-Ұлыстың Ұлы күнінің амал күнін бірлесіп жоғары дәрежеде өтуіне ат салысты. Ата-аналар өкілдері тарапынан мектептегі жекелеген санаттағы балаларға әркез демеушілік жасалынып тұрады

Ш Е Ш І М:

Мектептегі ата-аналамен байланыс, оларға педогогикалық тұрғыда бала тәрбисінде ата-аналар жиналыстарында бағыт-бағдар беріп отыру қанағаттанарлық деңгейде екені ескерілсін.

Ұ С Ы Н Ы С:

Ата-аналармен педогогикалық ұжым одағы нығайтылсын.

Еңбек, экономикалық, және экологиялық тәрбие

Мектеп оқушыларын еңбекке баулу мақсатында күз және көктем айларында мектеп алаңы, көшелерді тазарту мақсатында іс-шаралар өткізілді. Санитарлық тазалау, абаттандыру және жасыл желектендіру жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында арнайы мектеп бұйрығы шығып, жоспары бекітілді. Мектеп алаңындағы көшеттер кластар аралығында бөлініп, сенбіліктер өткізілді. Әр бейсенбі сайын мектепте «Таза бейсенбі» күндері өтті. 5-8 класс оқушыларының арасында жазғы практика ұйымдастырылды. Бұйрық шығарылып, балалар кесте бойынша мектеп ауласында гүл суарып, тәжірибелік үлескелерде жұмыс жасайды, шағын бақша участогі егілді, суарылды.

Мектеп оқушыларының негізгі және орта мектеп түлектерін орналастыру, оларға кәсіптік бағыт беру мақсатында мектептен тыс мекемелермен бірлескен іс-шаралар жүргізілуде. Жыл бойы мектеп оқушыларына Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің, С.Байішев атындағы Ақтөбе университетінің, Т.Бигелдинов атындағы әуе қорғаныс институтының, Ақтөбе жоғары политехникалық, теміржол, ауылшаруашылық, медициналық, гуманитарлық колледждерінің мамандары келіп, кәсіптік бағдар беру мақсатында дөңгелек үстелдер, дәріс сабақтар өткізіп өздерінің оқу орындарына ашық есік күндерін өткізіп, түлектерді шақырды. кездесу аясында түлектерге әр түрлі сюжетті бейнероликтер мен үлестірмелі кітапшалар таратылды. Мектептің өткен оқу жылындағы 11 түлектің 4-уі грант иеленді, төмендегідей ретте оқу орындарында білімдерін жалғастыруда.

№	Оқушының аты-жөні	Түскен оқу орны	мамандығы	ақылы	ақысыз
1	Бисеналина Қ	Қ. Жұбанов университет	Дизайн	+	
2	Дадин А	Қ. Жұбанов университеті	Металлургия		грант
3	Ерболсынқызы А	Ақтөбе өндірістік технология	парикмахер	+	

		колледжі			
4	Ергалиева Г	Байшев атын университет	экология	+	
5	Жасарал А	Х. Дулати университет	технолог		грант
6	Жұмағалиқызы Г	Байшев университеті	Дизайн	ақылы	
7	Исламбекова Қ	Мед колледж	медбике	ақылы	
8	Рахметова А	Алматы технология университеті	Жеңіл өнеркәсіп		грант
9	Қараева Б	Қ.Жубанов атындағы АМУ	Биотехнология	ақылы	
10	Мирманов А	Қ.Жубанов атындағы АМУ	Тау кен ісі		грант
11	Тилешбаева А	Болашақ колледжі	медбике	ақылы	

3-қазан 2019 жылы Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің және ҚР білім ғылым министрлігінің « Дүние жүзілік мекендеу жерлерін қорғау»халықаралық мерекеге орай Ақтөбе орман шаруашылағы басшысының орынбасары Қылышбаев, қалалық әкімдіктіңөкілі Нурашев мектептің айналасына 30 түп ағаш екті, барлық кластарда экология сабақтары өтіп қонақтар сабақтарға қатысты.12-қазан2019 жыл « Бүкілқазақстандық ағаш отырғызу күні республикалық акциясы өткізіліп 32 түп мектеп ауласына тал егілді.Қашықтықтан оқыту кезінде мектеп бастауыш класс оқушыларымен ата-аналар бірлесе « Құстар біздің досымыз» тақырыбында 13 сәуір күні видеролик қойып мектеп инстограммасына жүктеді. Осы оқу жылында оқушыларды экология ,еңбекке баулуда осындай келелі істер атқарылды.

ШЕШІМ: Мектеп оқушыларын мектептің,қоғамның мүлкіне экономикалық көзқарасын қалыптастыру, қоршаған орта мектепті жасыл-желекпен қамту,еңбек етуге тәрбиелеу жұмысы жолға қойылған деп есептелінсін.

ҰСЫНЫС:

Мектеп бітіруші түлектерге кәсіптік бағдар беру жұмысы жандандырылып,алдағы уақытта оқушыларға мамандық таңдауда қажет кәсіп иелерімен арнайы кездесулер ұйымдастырылсын.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.

Тәрбиенің мақсаты жастардың одан әрі тұлғалық және кәсіби дамуы үшін іскерлік пен дағдыларды алуына,қабілетті жеке қасиеттерін дамытуын сондай

ақ өз өңірлеріндегі қоғамдық өмірге белсене қатысуына ықпал ету. 2019-2020 оқу жылында мектеп оқушыларының аз қамтылған отбасы балаларын ыстық тамақпен қамтемесіз ету, демеушілер ұйымдастыру, кітаппен қамтемесіз ету, лагерлердегі демалысын ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

2019 жылдың қыркүйек айында барлық сынып жетекшілерінен оқушылардың әлеуметтік паспорты алынып, сол бойынша оқушы санаттары анықталды және көп балалы, аз қамтылған, АҚҚ, жартылай жетім балалардың құжаттары жинақталып, ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін балалар саны нақтыланды. Ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі жасалып мектеп директоры М.С. Жантурина қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ж.Атаниязов қадағалауымен бекітті. Бұл оқушылардың құжаттарын тексеруге арнайы комиссия мүшелері де бекітілді. Барлық ыстық тамақпен қамтылған оқушы саны-54 болды. Әр айда ыстық тамақ ішетін оқушылардың есебі есепшіге тапсырылып отырылды. Оқушылардың күнделікті тамақ ішуін әлеуметтік педагог А.Қ.Мусаева бақылап отырды. Сонымен қатар, қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ж.Атаниязов ай сайын тексеріс жүргізіп отырды.

2019-2020 жылғы қыркүйекте 54 бала анықталып, құжат тапсырған болса, бұл көрсеткіш оқу жылының ІІ жартыжылдығында 76 балаға жетті, яғни ыстық тамақпен қамтылғандар саны-76-ны құрады. Олардың 39-ы АӘК алатын отбасыларынан шыққан.

Ақтөбе қаласы білім бөлімінің 10.07.2019 жылғы №1073 бұйрығына сәйкес, “Мектепке жол” республикалық акциясы аясында 4 оқушыға (Мусиевтер) мектеп тарапынан, Ақтөбе қаласы Қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан мектептің жеті оқушысына көмектер көрсетіліп, қажетті киім-кешектер, оқу құралдары алынып берілді. Мұндай қайырымдылық көмектері Алматы ауданы әкімдігі тарапынан да, жеке кәсіпкерлер тарапынан да көрсетілді.

Мектеп-отбасы-ата-ана баланы тәрбиелеуге бірдей үлес қосатындықтан, мектеп өмірінде өтетін шаралардың барлығы оқушының бойында жақсы, ізгі, адами қасиеттерді қалыптастыруға бағытталады. Осы орайда, мектепте өтілетін әр шараға аз қамтылған, көп балалы отбасылар балалары бірінші тартылары сөзсіз.

07.09.2019 жылы № 65 ЖББОМ-де жалпыреспубликалық «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбындағы ата-ана, мұғалім, оқушы қатысқан «Денсаулық фестивалі» өтіп, мектептің барлық оқушысы қатысты.

1 қазан-қарттар күніне орай «Қарттарым-асыл қазынам» тақырыбындағы мерекелік концертке көп балалы, аз қамтылған отбасылар балалары да белсене атсалысты. Және осы күні аз қамтылған, көп балалы отбасылары балаларына арналған «Күнім, сен сөнбеші» концерті қойылды.

сәтсіздіктердің алдын алу мақсатында сынып жетекшімен бірлесе отырып, әңгімелесулер жүрді.

Мектеп психологымен бірлесе отырып, медиация кабинетінен жекелеген оқушылардың тәртібі жөнінде ақыл-кеңестер алынды.

03.12.2019 жылы «Жас өнерпаз» II республикалық шығармашылық байқауына мектебіміздің көп балалы отбасынан шыққан 9-сынып оқушысы Русланқызы Мейрамгүл «Вокал» жанры бойынша қатысып, жүлделі I орынды жеңіп алды.

16 желтоқсан-Тәуелсіздік күні мерекесіне орай мектептің 5-9 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылған флеш-мобқа аз қамтылған, көп балалы отбасы балалары да қатысты. 2019-2020 оқу жылының 4-ші оқу тоқсанында елімізде короновирус індетіне ТЖ жариялануына байланысты, қашықтан оқуға көштік, сондай-ақ қасиетті ораза айымен тұспа-тұс келген сәт болды. Бұл кезеңде де мектеп мұғалімдері мен жекелеген азаматтар тарапынан К.Нокин ауылының аз қамтылған, жұмыссыз отбасыларына азық-түліктей жасалған көмектер көп болды.

Елге келген қиындық тұсында іргеміздің беріктігін, аз қамтылған топтарға әлеуметтік қамқорлықтың болатындығын көрсете алдық деген ойдамын.

Сонымен қатар мектеп кітапханасында 100 кітап бұрышын жасақтау, айтулы мерекелер қарсаңында «Жас ұлан», «Жас қыран» балалар ұйымына оқушылар қабылдау жұмыстары жүргізілді.

ШЕШІМ: Оқушыларды зияткерлікке, мәдениеттілікке тәрбиелеуде атқарған жұмыстар есепке алынсын.

ҰСЫНЫС: Аталған бағыттағы жұмыстарды жетілдіру жолдары қарастырылсын.

Көп мәдениетті көркем эстетикалық тәрбие

Достыққа, өзара түсіністікке тәрбиелеу, әдеміні сүйуге, жақсыны құрметтеуге үйрету осы тәрбиенің мақсатын ашатын жұмыстар саналады.

Мектептің тарих пәні мұғалімі Тлепова Лаззат «Толеранттылық бұл біздің қоғамның адамгершілік нормасы, оны нығайтып қорғап және барлық ұрпақтар бойынша тәрбиелейтін боламыз» тақырыбымен жоғарғы класс оқушылары арасында кездесу пікірталас өткізді. Сонымен қатар «Елімнің жүрегі Нұрсұлтан» тақырыбымен апталық барлық кластарда ұйымдастырылды. 2020 жыл қаңтар айында педогог ұйымдастырушы М. Мирман 5-10 кластар қатысқан «Ақ көгершін» ән байқауын өткізді, осы жұмыстар тәрбиенің осы саласына қызмет етті. Мектеп класс жетекшілері педогогика ұжымы алыстан оқу кезеңінде жұмыс формаларын басқаша ауыстырды. Ел бірлігі халықтар достығында десек осы мызғымас бірлікті насихаттайтын бірқатар мектепте шаралар ұйымдастырылды. Соның біріне саналатын 1-мамыр Халықтар достығы мерекесіне орай «Құлақтан кіріп бойды алар» деген тақырыпта түрлі ұлттар мен ұлыстардың киімімен өнер көрсеткен мектеп оқушыларының видеороликтері өте сәтті орындалды. Аталған шара мектеп және білім бөлімі инстограмма паракшаларына жүктелді. «Бірлігіміз жарасқан» деген тақырыппен мектеп тәлімгері А. Аяпова қашықтықтан оқыту кезінде халықтар достығын насихаттайтын суретшілер көрмесін бейне баян ретінде жолдады. Қашықтықтан оқыту кезінде 6 класс оқушысы Тұрымбетова Еркеназ «Біз біргеміз, біз үйдеміз» бейнеролигі үшін Республикалық партал директоры

Кошкинбаевтың сертификат марапаттауына ие болды.С. Жиенбаев атындағы облыстық кітапхананың ұйымдастыруымен облыстық оқитын өлке акциясы аясында « Жүректей менің үмітім» облыстық байқауының онлайн үздік қатысушысы 4 класс оқушылары Қуаңбай Бекзат,Машырық Ақниет алғыс хатпен марапатталды.

ШЕШІМ: Мектепте көпмәдениетті көркем эстетиканың мәнән ашатын жұмыстар жүргізілді.

ҰСЫНЫС:Оқушыларды әдеміні құрметтеу сезімін қалаптастыратын , жақсыны құрметтеуге арналған жұмыстарды кеңірек жүргізу.

Ұлттық тәрбие

Ұлттық тәрбие мақсаты ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу,халқының мәдениетін құрметтейтін бойында ұлттық патриотизмнің оты жанған ел болашақтарын тәрбиелеу осы бағыттағы жұмыстың мән- мағынасын көрсетер жұмыстар екені даусыз .Осы орайда мектепте өткен тіл айлығы, кітапханашы Жұмабаеваның 2020 қаңтар айында өткізген « Мен қазақпын мың өліп мың тірілген» 5-10 класс аралығындағы поэзия кешін айтуға болады.Сонымен қатар М. Жұмабаева « Теңге ұлттық табыстың кепілі» тақырыбымен 14.11.2019 ж сайыс сабақ ұйымдастырды.Мектебімізде қазақтың ұлттық дәстүрі ,ұлттық ойыны саналатын тоғызқұмалақты оқушыларға үйрететін тоғызқұмалақ үйірмесі жұмыс жасайды.Жылма-жыл мекетепте халқымыздың мерекесі жыл басы Наурыз тойланады,оқушылар, мектеп ұжымы ұлттық киім киіп халқымыздың асыл қасиеттерін насихаттайды. Биылғы жылы мектепте Наурыз тойы ертерек амал күні,яғни 14 наурыз күні тойланды. Қамқоршылық кеңесі төрағасы Атаниязов Ж ағаш үйді әрлейтін түрлі әшекейлерден көмектесті,мұғалімдер ұлттық қойылымдар көрсетті. « Ер есімі ел есінде» мектептің әскери даярлық жетекшісі Б. Тағабергенов Ауған соғысының 2 ардагерімен келіп мектеп оқушыларымен кездесу кешін ұйымдастырды, бұл жағдай Кеңес әскелерінің Ауған жерінен шығарылуына байланысты қаңтар айында өткен шара болатын.Сол сияқты « Сырласайық жеңеше», « Батаменен ел көгерер», «Қыз өссе елдің көркі» тәрбие сағаттары, сайыс сабақтар осы бағыттағы тәрбинің жолын кеңейтетін шаралар. Ұлттық өнерімізді қызығушылықпен қабылдап сайыстарға қатысып жүлделі болған оқушылар аз емес. Солардың қатарында «Ақындар алаңы» Республикалық сайысында оза шауып бәйге алған 1 орын иегерлері грамотамен марапатталғандар Тілеуова Ақбота,Еламанова Аделла, Қуаңбай Елнұр, Жолымбетова Айнара, Ерсұлтан Азат, Бұұркіталиа Гаухарлар болды.

ШЕШІМ: Оқушыларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу жұмысы жолға қойылған, оң нәтиже бар

Ұсыныс: Осы тәрбие бағытын әлі де тереңдету.

Мектеп класс жетекшілері туралы мәлімет.

Мектептің тәрбие жұмысының өзекті мәселесі: «Жеке тұлғаны қалыптастыруда жан-жақты дамыған, адамгершілігі жоғары, нарық жағдайына бейімделген, ұлттық рухы биік, ұлтжанды азамат тәрбиелеу».

Осы өзекті мәселені шешу жолында класс жетекшілер әдістемелік бірлестігінің басты мақсаты: 2019-2019 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасын жүзеге асырып, қорытындысын шығару, шығармашылықпен жұмыс жасайтын класс жетекшілерді анықтау, білім деңгейін көтеру, педагогикалық тәжірибелерді насихаттау және тарату, жас мамандарды тәрбиелеу, жаңа әдістерімен педагогикалық ұжымды таныстыру. Көрсетілген мақсаттарға жету аясында мектепте 16 класс жетекші жұмыс жасайды. Класс жетекшілердің еңбек өтілі мен жас ерекшелігі төмендегі кестедегідей көрсетілген:

Класс жетекшілер бірлестігінде 3 жас маман жұмыс жасайды.

№	Жас маманның аты-жөні	Туған жылы	Бітірген оқу орны	класы	Жетекші класс маман
1	Тағаберген Б.Ж	1991	Ақтөбе ауылшаруашылық колледжі	10 кл	Тлепова Ләззат
2	Қайнадин Б.К	1992	Қ.Жұбанов атындағы АМУ	5 кл	Жайтуғанова Н.Ш
3	Сүтенов Ж.Ж	1994	Қ. Жұбанов АМУ	5 кл	Әлімбетова Б
4	Қабақбаев Б.А	1973	АПИ	8 кл	Берікқызы А

Класс жетекшілер бірлестігінің жетекшісі болып Берікқызы А. 2017 жылдан жұмыс жасап келеді.. Класс жетекшілер бірлестігінде жас класс жетекшілерге жетекші мамандар тағайындалып, оларға арнайы жұмыс жоспары құрылды. Жас класс жетекшілерді қолдау мақсатында жыл бойы оларға әдістемелік көмектер мен құжаттарды жүргізудің жолдары үйретіліп отырды. Класс жетекшілері жұмыс жоспарына сәйкес жыл бойына айына бір реттен класс жетекшілер отырысы өтті. Ондағы күн тәртібі төмендегідей мәселелерді қамтыды.

Бекітемін:

Мектепдиректоры: ----- БМ.С.Жантурина

Класс жетекшілерінің әдістеме бірлестігінің отырыстары

2020-2021 оқу жылы

№	Тақырыптары, жұмыс түрі	уақыты	жауапты
1	1 отырыс 1.Сынып жетекшілер бірлестігінің жұмыс жоспарымен танысу және бекіту. 2.Уақытылы және өзекті: сынып жетекшілерінің қызметін бағалау өлшемдері	қыркүйек	Бірлестік жетекшісі
2	2 отырыс 1.Баяндама «Бала тәрбиесіндегі сынып жетекшінің рөлі» 2.Ата-аналармен атқаратын жұмыстарында сынып жетекшісінің қызметі (пікірлесу)	қараша	Бірлестік жетекшісі мен сынып жетекшілер
3	3 отырыс 1.Баяндама «Сынып жетекші мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту» 2.Оқушышығармашылығындамытудыңалғышарттарыжәнесыныптантысжұмыстар(дөңгелек стол)	ақпан	Психолог Күсебай Қ. Бірлестікжетекшісі мен сыныпжетекшілер
4	4 отырыс 1.Баяндама «Сынып жетекшінің педагогикалық шеберлігін жетілдіру» 2.Оқу жылыныңқорытындысы		Бірлестікжетекшісі

Бекітемін:

Мектепдиректоры: ----- М.С.Жантурина

Класс жетекшілерініңәдістемебірлестігініңжұмысжоспары

2020-2021оқужылы

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Тақырыбы:2020-2021 оқу жылында		

2	тәрбие жұмысының негізгі бағыттары 1) Сынып жетекші әдістеме бірлестігінің 201-2020 оқу жылының қорытындысы. 2)Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жаңа 2020-2021 оқу жылының жоспарын талдау,бекіту. 3)Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары мен мәселелері. 4)Сыныптың тәрбие жұмысын жоспарлау. 5)Ашық сынып сағатының кестесін құру. 6)Мерекелік іс-шараларды өткізу кестесі 7)Сыныптың әлеуметтік паспортын жасау. Тақырыбы:Сынып сағаттарында жаңа технологияларды пайдалану. 1)Сынып жетекшілердің тәрбие жұмыстарын талдап,түзетулер жасау. 2)Тәжірибе бөлісу. А)Оқушылармен жеке жұмыс жүргізудің ерекшеліктері. Ә)Оқушыны зерттеу әдістері. 3)Сынып жетекшінің ата-аналармен жұмыс жүргізу әдістері.	Қыркүйек	<i>Бірлестік жетекшісі</i>
		Қазан	
		Қараша	<i>Бірлестік жетекшісі</i>
		Желтоқсан	
3	1-жарты жылдық қорытындысы.	Қаңтар	<i>Бірлестікжетекшісі</i>
4	Дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтар отбасындағы тәрбиенің негізі. (Тәжірибе алмасу)	Ақпан	
5	Тақырыбы:Тәрбие жұмысында, ақпараттық технологияны қолдану	Наурыз	
6	Оқушылардың кәсіби бағыт таңдауы бойынша диагностикасы.	Сәуір	
7	Тәрбие жұмысының жылдық қорытындысы	Мамыр	
	ІІІ. Әдістемеліккөмек 1. Қызықтыпедагогикалықидеяларбанкін құру	Оқу жылы барысында	

	2. Оқушылардың тәрбие деңгейін оқыпүйрену		
	3. Психолог көмек көрсету		

IX. ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ

Мектептегі балалар ұйымдары, үйірме жұмыс қорытындысы туралы. Қазіргі заманғы мектептер өсіп келе жатқан жеке тұлғаны қандай бағытта дамытатындығы, жеке тұлғаның әлеуметтік және шығармашылық мүмкіндіктерін ашуы еліміздің дамуы мен гүлденуіне қатысты. Қоғамда, отбасында және мектепте балаларға жағдай жасаудың маңызы зор. Ал, мектебіміздегі оқушы жеке тұлғасының дамуы негізгі мәселе ретінде төмендегідей қағидаларға негізделеді.

- Мектеп өмірін ізгілендіру мен демократияландыру арқылы оқушының жеке тұлғасын дамыту;

- Оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталған оқу-тәрбие үрдісінде жаңа технологияларды кеңінен қолдануды талап етеді;

- Сабақтан тыс тәрбие жұмысында жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай туғызатын оқушылардың іс-әрекетінің түрлерін таңдау және оны жүйеге келтіру.

№ 65 жалпы білім беретін орта мектебінің 2019-2020 оқу жылында жұмыс жасайтын үйірмелері туралы мәлімет

№	Үйірме атауы	Өту уақыты	Ақылы	Тегін	Қатысушы саны	Көп балалы отбасынан шыққан	Толық емес отбасынан шыққан	Мектеп ішілік есепте тұрған	Ұл. Қызы
1	1ә «Шебер қолдар»- Еспаμβетова А	Сәрс. 11:40-12:15	-	+	12	3	-	-	6-қыз. 6-ұл
2	1ә «Кішкентай актерлар»- Еспанбетова А	Жұма 11:40-12:15	-	+	12	2	2	-	4-қыз. 8-ұл
3	1а «Шебер қолдар»- Шағырова В	Бейс. 11:40-12:15	-	+	10	2	-	-	4қыз 6-ұл
4	1а « Кішкентай актерлар» - Шағырова	Сәрс. 11:40-12:15		+	9	-	1		3қыз. 6-ұл
5	Кукинбаев С.Д «Тоғызқұмалақ	Сенбі 10:00		+	19	4	-	1	9 ұл. 10

	»	12-00							қыз
6	Тұрым А «Тоғызқұмалақ »	Сәрс. 15:00 16:30		+	14	3	-	1	4-қыз. 10 ұл
7	Нағметова Н «Робототехника »	Сенбі 9-00. 11-00		+	15	2			10ұл. 5 қыз
8	Биржанова Э .Ж «Робототехника »	Сенбі 11:00 13-00		+	15	3	1	1	5 қыз. 10- ұл
9 9	Қоянбаева А.Ж «Физика және техника»	Сенбі 9:30 11:00		+	10	2	-	-	1ұл. 9 қыз
10	Сүтенов Ж « Жас химик»	Сенбі 11:00 12:00		+	15		-	-	15 қыз
11	Мусаева Ә «Жас биолог»	Сенбі 10:00 11:00		+	12		-	-	4 ұл 8 қыз
12	Аяпова А « Хор»	Сенбі 10-00 11-00		+	50	14	-	1	32 қыз. 18 ұл
13	Меирман М. «Вокал»	Сенбі 10-00 11-00		+	10	5	-	-	10- қыз

Мектепте алыстан оқыту кезінде де спорттық жаттығулар жүргізіліп отырылды.

ШЕШІМ: Үйірме жұмыстарының жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде екені ескерілсін. Мектептегі дене тәрбиесі және салауатты өмір салты бойынша жүргізілген тәрбие жұмыстары дұрыс жолға қойылған.

Ұсыныс: Қысқы спорт түрлерімен жұмыс жолға қойылсын.

Ұ С Ы Н Ы С:

- Үйірме жұмыстары алдағы оқу жылында жүйелі қолға алынсын.
- Мектеп оқушылары мектептен тыс, мектепшілік үйірмелерге көптеп қатыстырылсын.
- Оқушылардың таным белсенділігін арттыру мақсатында оқушыларға хореография ашу қолға алынсын.
- шығармашылық академия әкімшілігімен келісе отырып, мектепте шығармашылық академияның студияларын ашу

Х. "ЖАС ҰЛАН" БАЛАЛАР ҰЙЫМЫ

2019 – 2020 оқу жылына «Жас Ұлан бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының» іс – шаралар жоспары жасақталды.

Мақсаты: өскелең ұрпақтың бойындағы патриоттық білім мен өзін – өзі жетілдіруге деген құштарлықты, отансүйгіштікті, белсенділікті, еңбекқорлықты, шығармашылықты, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері: Жас Ұландардың әлеуметтік тәжірибелерін байыта отырып, азаматтық пен адамгершілік құндылықтарын дамыту.

Жас Ұландарды отансүйгіштікке, мейірімділікке, қамқорлыққа және мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрді сыйлауға тәрбиелеу.

Оқушыларды облыстық, қалалық, ұйымдастырылған іс – шараларға кеңінен қатыстыру, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету.

«Жас Ұлан» келесі қызметтерді атқарады:

-тәрбиелік;

-танымдық;

-коммуникативтік;

-әлеуметтік;

-ақпараттық;

-патриоттық;

-шығармашылық.

2019 – 2020 оқу жылынан бастап «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына арналған «Ынтымақ. Бірлік. Жастық.» бағдарламасы бойынша, жеті бағытпен жұмыс атқарды.

2019 – 2020 оқу жылында «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жоспары жасақталып, төмендегідей іс – шаралар өткізді.

Бүгінгі таңда мектебімізде «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымында 163 оқушы бар. «Жас Қыран» ұйымында 117 оқушы.

2019 – 2020 оқу жылында «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына 39 оқушы, ал «Жас Қыран» ұйымына 54 қабылданды.

1.Қыркүйек айында

02.09.2019ж. күні «1қыркүйек- Білім күніне» орай «Сыңғырла күміс қоңырау» атты мерекелік іс – шараның өтті.

10.09.2019ж күні «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымының белсенділерін тағайындап, жылдық жоспармен таныстырылды.

15.09.2019ж күні «Жас Ұлан» ұйым мүшелері «Отбасы – бақыт мекенім» атты 4 – 7 класс аралығында сурет байқауы өтті. Байқау нәтижесінде 4 «А», 5 «Ә», 6 класс оқушылары жүлделі орынға ие болды.

Әр сенбі сайын мектеп оқушылары «Табиғатты аяла да, бағала» атты тақырыбында мектеп ауласына сенбілік жасап тұрды.

10.09. - 13.09.19ж. күні күндері аралығында денсаулық күніне орай «Дені саудың – жаны сау» атты спорттық сайыстар және флешмоб өтті. Бұл іс – шараға кеңес мүшелері белсене қатысты. Салауат бөлімбасы Сәлімереева Азиза өзі бастап оқушылармен сайысқа қатысып белсене ат салысты. Сонымен қатар «Оқушылар сарайында» өткен «Я + спорт = здоровье » атты эстафетаға қатысып келді. «Дені саудың – жаны сау» шарасында мектеп мұғалімдері

мен оқушылары жаттығулар жасап, ары қарай флешмоб биін биледі. Жалпы кластардың сабаққа қатысымын жақсарту, кешігуді болдырмау, кластың тазалығын сақтау, сабақтан қалмау, смартфон телефонын ұстамау, және жалпы мектеп ережесінің тәртібін ретке келтіру мақсатында мектепте директордың тәрбие ісі – жөніндегі орынбасары С.Д.Кукенбаев және «Жас Ұлан» балалар ұйымы жұмыс жасады. Тәртіп деңгейінің бақылау мақсатында сараптау журналы арналып, кешіккен, сабақтан қалған оқушылар тізімі жазылып, апта сайын болатын танертеңгілік жиында қорытындысын да хабарланып тұрды. Мектепшілік I, II кезеңде оқитын кластар аралығынан кезекшілігі ұйымдастырылды. Сыныптар арасында кезекшілік кестесі жасақталып, бекітілді. Оқушылардың кезекшілігін ұйымдастыру арқылы оқушыларды жауапкершілікке тәрбиелеу, өзін – өзі басқаруға тәрбиелеу мақсаты жүзеге асты. Сонымен қатар тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, мектеп тәлімгері және мектеп ұланбасы **«Ең таза, ең ұнамды класс»** атты байқау ұйымдастырды. Әр аптаның сейсенбісі күні мектептің ішкі ережесіне сай кластар арасында бақылау ұйымдастырылып, рейд жүргізіліп отырды. 12.09.2019ж. күні Мектепшілік «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының «Ұланбасын» сайлауы туралы мектеп әкімшілігімен және мектеп оқушыларымен бірлесіп Әбдіғалиева Әселді мектеп «Ұланбас» етіп өз орында қалдырды.

13.09.2019ж. күні **«Жас Ұлан»** бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының кеңес мүшелері құрылды.

Жалпы бұл «Жас Ұлан» ұйымы жеті бағыттан тұрады. Атап айтар болсақ: Зерде, Отан, Руханият, Салауат, Эко әлем, Жеті жарғы, Еңбек болып. Осы бағыттан мектептің Кеңес құрамы құрылады. Кеңес құрамын айтып кетер болсам, бұл ұйымның ұланбасы болып 9 класс оқушысы Әбдіғалиева Әсел, ал ұланбасының орынбасары 9 класс оқушысы Орынбасарова Аружан болса, бөлімбасы 9 класс оқушысы Жеткеншекова Алуа, сыныпбасы 9 класс оқушысы Ерболатқызы Ақбота, бөлімше жетекшісі 9 класс Төлеубаева Нұрзия, сыныпбасы көмекшісі Қаспай Даяна, бөлімше жетекшісі Орақбаева Сая, хатшы Раушанқосова Айдана болып сайланды.

Жеті бағыт бойынша сайланған оқушылар: «Зерде» бағытының бөлімбасы 9 класс оқушысы Русланқызы Мейрамгүл

Отан бағытының бөлімбасы 9 класс оқушысы Әбдібеков Әсет

Руханият бағытының бөлімбасы 8 класс оқушысы Салимгореева Айжан

Салауат бағытының бөлімбасы 9 класс оқушысы Салимгереева Азиза

Экоәлем бағытының бөлімбасы 9 класс оқушысы Адилжан Наргиз

Жетіжарғы бағытының бөлімбасы 10 класс оқушысы Ерғалиев Санжар

Еңбек бағытының бөлімбасы 9 класс оқушысы Жамбулов Мейрамбек.

2.Қазан айында

01.10.2019ж. күні 1қазан- Халықаралық қарттар күніне орай **«Қарттарым асыл қазынам»** атты тақырыпта ауыл қарттарына арналған концерт өтті. Концертті мектебіміздің жас мамандары Кайнадин Бекбол мен Жақсылық Гүлзат жүргізді. Концертте мектеп ұстаздары мен оқушылары өз өнерлерін көрсетті. Сонымен қатар қарттарымызға арналған сыйлықтар таратылды.

04.10.2019ж. күні Ұстаздар күніне орай **«Ғылым да, дана да, бас иетін, Ұстазым асыл ғой қасиетін»** атты мерекелік шараның өтуіне ат салысты. Ұстаздар күніне орай 11 класс оқушылары бір күнгі мұғалімдердің орнына сабақ берді. Және де «Жас Ұландар» ұйымы мерекелік концертке белсене қатысты. 09.10.2019ж. күні мектебіміздің кеңес мүшелері «Жас Қырандар» арасында **«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы»** атты сайыс өткізді. Сайыс екі топқа бөлінді. «Білгірлер» және «Тапқырлар» болып. Нәтижесінде «Білгірлер» тобы жеңіске жетті.

23.10.2019ж **«Аяулы күз, алтын күз»** атты 1 – 10 класс арасында мерекелік байқау өтті. «Жас Қырандар» ұйымының арасынан Күз ханзадасы мен ханшайымы Тұрымбетов Қайсар мен Киікбай Карина атанды. Қалған оқушылар номинациямен марапатталды. «Жас Ұландар» ұйымында 5 – 7 класс аралығында Күз ханзадасы мен ханшайымы Орақбаев Әділ мен Сайлаубай Аида атанса, 8 - 10 класс оқушылары арасында ханзада мен ханшайым Ерғалиев Санжар мен Сабанбаева Жансая атанды. Ал қалған оқушылар номинациямен марапатталды. Сонымен қатар 1 – 7 класс арасында **«Күзгі қойма»** атты көрме өтті. Көрмеге оқушылар белсене қатысты.

24.10.2019ж **«Рәміздерім – ел беделі»** атты Оқушылар сарайында 5 – 6 класс аралығында зияткерлік ойын өтті. Зияткерлік ойынға 6 класс оқушысы Маралова Аяна қатысты. Нәтижесінде 3 орынмен марапатталды.

Әр сенбі сайын мектеп кеңес мүшелері мен оқушылары **«Жасыл желек жанға сая»** атты сенбілік өтті.

3.Қараша айында

7.11.2019ж **«Мен аға тәлімгермін»** атты оқушылар сарайында аға тәлімгерлер клубына қабылдау рәсімі болды. Рәсімде жаңадан сайланған аға тәлімгерлерді қабылдап, галстук тағылды. Сол рәсімге өз үлесімді қосып белсене қатыстым.

8.11.2019ж күні мектебімізде Ақтөбе қаласының 150 жылдық мерейтойына орай **«Туған жер – алтын бесігім»** атты патриоттық ән байқауы өтті. Патриоттық байқау 2 – 6 класс оқушылар аралығында өтті.

12.11.2019ж күні Оқушылар сарайында өткен 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күніне арналған **«Ең үздік математик»** Жас Қырандар үшін зияткерлік байқауының іріктеу туры өтті. Бұл зияткерлік байқауға 3 класс оқушысы Жұмабай Шынболат қатысты. Нәтижесінде іріктеу турынан өтіп, байқауға жолдама алды.

15.11.2019ж күні мектебімізде «Тәуелсіздік» күніне арналған 5 – 9 класс аралығында **«Біз – Тәуелсіздік қырандары»** атты кеңес мүшелерінің ұйымдастырған флешмоб өтті. Флешмобқа кластар белсене қатысты.

20.11.2019ж күні мектебімізде 2 – 4 класс аралығында **«Жас Қыран»** буыны атты директордың тәрбие ісі – жөніндегі орынбасары С.Д.Кукенбаев ағайдың ұйымдастыруымен тоғызқұмалақ жарысы өтті.

21.11.2019 Оқушылар сарайында өткен 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күніне арналған **«Ең үздік математик»** Жас Қырандар үшін зияткерлік байқауы өтті. Бұл зияткерлік байқауға 3 класс оқушысы Жұмабай Шынболат қатысты. Нәтижесінде байқауда Жұмабаев Шымболат 2 орынды иеленді.

26.11.2019ж күні мектебімізде Тұңғыш Президент күніне орай **«Егер мен Президент болсам»** атты 5 – 7 класс аралығында байқау өтті. Нәтижесінд 6 класс оқушылары жеңіске жетті.

29.11.2019ж күні 5 -9 кластар аралығында мектеп психолігімен бірлесіп **«Менің есімімнің сыры»** атты пікірлесу сабағы өтті. Және де мектеп психолігі оқушыларға арнап қызықты тренингтер өткізді.

4.Желтоқсан айында

02.12.19ж. күні мектебімізге **Ақтөбе облыстық ЖИТС – ке қарсы күрес орталығынан** мамандар 8 – 11 класс оқушыларымен кездесу ұйымдастырды. Оқушыларға ЖИТС туралы түсіндіріп, бейнероликтер көрсетті. ЖИТС – тің өте қауіпті дерт екенін түсіндірді.

09.12. – 10.12.2019ж 1 – 11 класс аралығында **«Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің»** атты мектепшілік қайырымдылық жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеге барлық класс өте жоғары деңгейде атсалысты.

11 – 12.12.2019ж күндер аралығында **16 желтоқсан - Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне** орай мектебімізде 5 – 8 класс оқушалар арасында **«Тәуелсіздік елімнің еркін жолы»** атты қабырға газетін шығарудан байқау өтті. Бұл байқауға оқушылар белсене қатысты. Мектеп кеңес мүшелері байқауды қадағалап, қортындысын шығарды. I орын 5 «Ә» класс, II орын 6 – 7 «А» класс, III орын 8 класс иеленді. Және де алғыс хаттармен марапатталды.

12.12.2019ж **16 желтоқсан - Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне** орай 5 класс оқушылары «Жас Ұлан бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына», ал 2 класс оқушылары «Жас Қыран бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына» мектепшілік салтанатты қабылдау жиынына қабылданды. Мектепшілік Жас Ұланға - 39 оқушы, Жас Қыранға – 51 оқушы қабылданды.

13.12.2019ж күні **16 желтоқсан - Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне** орай мектебімізде **«Егемендік – елдігім, Тәуелсіздік - тұғырым»** атты мерекелік концерт өтті. Концертке кеңес мүшелері өте жақсы белсене қатысты.

27.12.19ж. күні **«Жаңа жылда, жаңа жыр»** атты мерекелік іс – шаралардың өтуіне ат салысып, оқушылар кезекшілікке тұрды.

5. Қаңтар айында

10.01.2020ж. күні **«Өнер керек ұрпаққа, өлең керек»** атты қазақ тілі пәнінің мұғалімі Берікқызы А және мектеп кітапханашысы Жұмабаева М бірлесіп 8 – 11 класс оқушылар аралығында жас ақындардың жыр шашу кеші өтті. Жас ақындар өздерінің жүрек жарды жырларымен бөлісті. Ұстаздар жас ақындардың жырларын өте жоғары деңгейде бағалады.

09.01.2020ж күні оқушылар сарайына мектеп ұланбасы **«Круг дружбы»** атты тренингке барды.

15.01.2020ж күні мектебімізде 3 – 4 класс оқушыларына **«Кітап менің досым»** атты жас оқырмандар отырысы өтті.Бұл отырыс мектеп кеңес мүшелерімен, кітапханашы Жұмабаева М. ұйымдастырды. Оқушылар өз үйлерінен әкелген кітаптармен бөлісіп оқыды. Бір – біріне өз ойларына түйген оқиғаларымен бөлісті.

23.01.2020ж күні бастауыш класс оқушыларымен **«Қыс қызықтары»** атты қысқы сауықтыру ойындары өтті. Қысқы ойынға оқушылар ата – анасымен бірге қатысты. Ойын өте қызықты өтті.

6. Ақпан айында

4.02.2020ж күні мектеп оқушыларымен және «Ізгілік нұры» еріктілер клуб мүшелерімен бірге **«Өмір жақсы істерге берілген»** атты «Аналар үйіне» қайырымдылық концерт қойылды. Қайырымдылық концерт өте жоғары деңгейде өтті. «Аналар үйі» мекемесінің басшысы өз алғысын білдірді.

10.02.2020ж. күні ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай **«Поэзияның – Хан тәңірі»** атты әдеби – сазды кеші өтті. Кеште ақынның өлеңдері оқылып, әндері айтылды.

12.02.2020ж күні мектепшілік **«Әнші балапан»** байқауы өтті. Бұл байқау «Жас Қыран» мүшелері арасында өтті. Байқауға оқушылар белсене қатысты. Байқауға қатысушы талапкерлер әртүрлі номинациямен марапатталды.

13.02.2020ж күні оқушылар сарайында **«Ауғанның от жалыны»** атты «Жас Ұлан» БЖҰ мүшелері үшін Ауған соғысы жауынгер – интерноционалистерімен кездесу өтті. Бұл кездесуге мектеп ұланбасы Әбдіғалиева Әсел мен «Еңбек» бөлімінің басшысы Жамбулов Мейрамбек барып қатысты.

14.02.2020ж мектебімізде **«Ауған асуында от кешкендер»** атты Ауған соғыс ардагерлерімен кездесу кеші болды. Бұл кеште ардагерлерімізге салтанатты түрде құрмет көрсетіліп, бірнеше сұрақтар қойылды. Кеш АӘД пәнінің ұстазы Тағабергенев Б. бірлесіп ұйымдастырылды.

19 – 20.02.2020 күні мектебіміздің 9 класс оқушысы мектеп ұланбасының бірінші орынбасары Орынбасарова Аружан Абай Құнанбаевтің 175 жылдығына арналған **«Ұлы Абай»** көркем сөз байқауына қатысты. Байқаудан 3 оынды иеленді.

26.02.2020 ж күні мектебімізде ұстаздар арасынан «Екі жұлдыз» байқауы ұйымдастырылды. Байқау 2 бөлімнен тұрды. Байқауға мектеп ұстаздары өте жоғары деңгейде дайындалды.

27.02.2020ж күні «Жас Қырандар» ұйымына «Жас Ұлан» ұйымы **«Балапан бағдарламасы қонақта»** атты тақырыпта квест ойынын өткізді.

7. Наурыз айында

28.02.2020ж мектебімізде **«Алғыс айту»** күніне орай кеңес мүшелері және «Ізгілік нұры» еріктілер клуб мүшелері бірлесіп ақылы түрда **«Өмір жақсы істерге берілген»** атты қайырымдылық концерт өткізді. Концерттен жиналған қаржыға мектебіздің аз қамтылған отбасылырына сыйлық таратылды.

05.03.2020ж 7 – 9 класс аралығында **«Қыз өссе – елдің көркі»** атты шаш өру байқауы өтті. Бұл байқауда барлық қатысушылар түрлі номинациясымен марапатталды.

06.03.2020ж. күні **«Мерекенмен, аяулы арулар!»** атты тақырыпта мерекелік концерт болды. Мектептегі әйел мұғалімдерді жеткен жетістіктері үшін марапатталды.

14.03.2020ж. күні Амал мерекесіне орай **«Қош келдің, Әз Наурыз!»** атты тақырыпта мерекелік іс - шара болып өтті. Шараға барлық қызметкерлер қатысып, қазақтың салт-дәстүрінен көріністер көрсетті.

8.Сәуір айында

05.04.2020ж.күндер аралығында мектебімізде бастауыш класс жетекшілерінің ұйымдастыруымен қашықтықтан **«Құстарға қамқорлық»** акциясы аясында **«Құстар біздің - досымыз»** атты байқау өтті. Оқушылар қашықтықтан ұйымдастырылып отырған байқауа қарамастан белсене қатысты. Және нәтижесі мектеп инстаграм парақшасына жарияланды.

9. Мамыр айында

30.04.2020ж күні Халықаралық бірлік күніне орай мектебімізде қашықтықтан **«Бірлігіміз жарасқан елміз»** атты сурет байқауы өтті. Байқауға 2 – 5 класс оқушылары қатысты. Оқушылар өз туындыларын қағаз бетіне бейнелеп көрсетті. Нәтижесі мектеп инстаграмына жарияланды.

1.05.2020ж күні Халықаралық бірлік күніне орай мектептің музыка пәнінің мұғалімі Мейрман М. бірлесіп **«Бейбітшілік сақталады»** атты әнге челлендж шығарды. Бұл челлендж мектеп инстаграмм парақшасына жүктелді.

07.05.2020ж күні Отан қорғаушылар күніне орай мектеп кеңес мүшелері мектеп аралық эстафетаға қатысып ер азаматтарға жылы лебіздерін білдірді.

08.05.2020ж күні **«Ұранды елдің ұрпағы қайсар»** атты мектебіміздің 4 класс оқушысы Иманбаева Адия өз атасын еске алу барысында қашықтықтан бейнеролик жасап мектеп инстаграмм парақшасына жариялады.

09.05.2020ж күні Жас Ұлан ұйымының мүшесі Төлеубаева Нұрзия Ұлы Отан Соғыстың 75 жылдық мерекесіне орай ардагерлерді құттықтап **«Ардагерлерге арнау»** атты өзінің жүрек жарды туындысын жолдады. Бұл арнау мектеп инстаграмм парақшасына жарияланды.

Мектеп кеңесімен жұмыс

2019 – 2020 оқу жылының қыркүйек айында «Жас Ұлан» ұйымының жоспары бекітілді. Және де мектеп ұланбасын сайлау туралы бұйрық қайта қаралды. Мектеп әкімшілігі мен мектеп оқушыларының келісімімен мектеп ұланбасы болып 9 класс оқушысы Әбдіғалиева Әсел қайта тағайындалды. Кеңес мүшелерінен 15 оқушы сайланды. Мектеп кеңес мүшелері мектепшілік іс – шараға, қалалық, облыстық байқауларға белсене қатысты.

Сонымен қатар мектебімізде кеңес мүшелері мен «Ізгілік нұры» еріктілер клубымен бірлесіп «Адалдық дүкенін» жұмыс жасады

Әр апта сайын мектеп кеңесімен отырыстар өткізіліп, нәтижелері талқыланып отырды. Өздеріне бекітілген кластар бойынша ұйым мүшелері түрлі жұмыстар жүргізді.

Қазан айында «Ізгілік нұры» еріктілер клубымен кеңес мүшелері бірлесіп ақылы түрде қарттар күніне орай **«Қарттарым – асыл қазынам»** атты қайырымдылық концерт өткізді. Және де **«Ғылым да, дана да, бас иетін, Ұстазым асыл ғой қасиетің»** атты мерекелік шаралары өткізу туралы талқыланған болатын. Бұл іс-шараға мектеп ұланбасы мен мектеп кеңесінің мүшелері ат салысты.

Қараша айында мектеп кеңесінің мүшелерімен отырыс өткізілді. Желтоқсан айында мектеп кеңесінің мүшелерімен Тұңғыш президент күнін және тәуелсіздік күнін жоспарлау талқыланды. Сонымен талқыланған мәселер бойынша іс-шаралар өткізілді. **«Егер мен президент болсам»** атты елбасы күніне орай **«Жас Қыран»** мүшелеріне байқау өткізілген болса, **«Егемендік –**

елдігім, Тәуелсіздік - тұғырым» атты Тәуелсіздік күнінің 28 жылдығына орай мерекелік шаралар ұйымдастырды. Бұл шараларды жауакершілікпен орындаған мектеп ұланбасы мен мәдени тәрбиелік бөлімі мүшесі атқарды.

Қаңтар айында «Өнер керек ұрпаққа, өлең керек» атты қазақ тілі пәнінің мұғалімі Берікқызы А және мектеп кітапханашысы

Жұмабаева М бірлесіп 8 – 11 класс оқушылар аралығында жас ақындардың жыр шашу кеші өтті. Жас ақындар өздерінің жүрек жарды жырларымен бөлісті. Ұстаздар жас ақындардың жырларын өте жоғары деңгейде бағалады. «Жер-Ананы аялайық!» мектепішілік көркемшығар және көркемсурет сайысы өткізілді. Ақпарт бөлімінің мүшесі 5-6 класс оқушылары арасында ұйымдастырды. Сайысқа қатысқан оқушылар мақтау қағаздарымен және жүлделі орындар мен мадақталды. Ақпан айында мәдениет бөлім мүшесі және «Ізгілік нұры» еріктілер клуб мүшелерімен бірге «Өмір жақсы істерге берілген» атты «Аналар үйіне» қайырымдылық концерт қойылды. Қайырымдылық концерт өте жоғары деңгейде өтті. «Аналар үйі» мекемесінің басшысы өз алғысын білдірді.

Наурыз айында Халықаралық әйелдер күніне байланысты мереке өткізілді. Мектеп кеңесі мүшелері мектептің сұлу да әдемі, көрікті ұстаздарына көтерің көңіл күй сыйлады.

Мамыр айында «**Ұранды елдің ұрпағы қайсар**» атты мектебіміздің 4 класс оқушысы Иманбаева Адия өз атасын еске алу барысында қашықтықтан бейнеролик жасап мектеп инстаграмм парақшасына жариялады. Жас Ұлан ұйымының мүшесі Төлеубаева Нұрзия Ұлы Отан Соғыстың 75 жылдық мерекесіне орай ардагерлерді құттықтап «**Ардагерлерге арнау**» атты өзінің жүрек жарды туындысын жолдады. Бұл арнау мектеп инстаграмм парақшасына жарияланды.

1.Мектепішілік рейдтер: Мектеп оқушыларының тазалығын, оқу құралдарының тазалығын, сабаққа қатысымын, оқушылардың кезекшілігін қадағалау мақсатында әр сейсенбі күні рейдтер жасалынды. Рейд барысында анықталған оқушылардың ата-аналары шақыртылып, түсініктеме алынды. Сонымен қатар әр дүйсенбі күні мектепте леника болды. Лениканы мектеп ұланбасы жүргізіп отырды.

2.Кештер: Қарттар күні, Ұстаздар күні, тәуелсіздік күні, Желтоқсанда бастауыш сыныптарда өткен Жаңа жыл кеші және 8 наурыз, 22 наурыз, 1мамыр, 7мамыр, 9 мамыр, мектепішілік шаралардың өтуіне басшылық жасап, кезекшілік жұмыстарын ұйымдастырды.

3.Кемшілік тұстары: 2019 – 2020 оқу жылдарында орындалмай қалған шаралар болды. Атап айтар болсам: «Ертегі әлеміне саяхат» атты театр байқауы, ақпан айында болады деп жоспарланған болатын «Біздің елдің жігіттері, жігіттердің сұлтаны» атты жігіт сұлтаны байқауы, десекте «Өмір жақсы істерге берілген» «Ізгілік нұры» еріктілер клубының ұйымдастырылуымен болған қайырымдылық концерттің болуына байланысты іс – шара кейінге шегерілді. Наурыз айында «Өнерлі қыз, өнегелі жеңге» атты сайысы да жоспарланған болатын, бұл сайыста кейбір іс – шараларға байланысты кейінге шегерілді. Оқушылар сарайында болып жатқан

шараларға уақытында қатыса алмадық. Себебі мектепшілік іс – шараларға көп көңіл бөлінді.

4. Ұсыныстар:

2020 – 2021 оқу жылдарының жұмыс жоспарына сай қарқынды жұмыс жасау.

Кеңес мүшелерін қалалық іс – шараларға белсене араластыру.

«Адалдық» дүкенінің адал түрде жұмыс жасауын қадағалау.

КТК «Жайдарман» клубын ұйымдастыру

«Жас Ұлан» ұйымының бөлімбасыларының қарқынды жұмыс жасауын қадағалау.

МЕКТЕПТІҢ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЗЕРТТЕУ БАРЫСЫ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР

2019-2020 оқу жылын 330 оқушымен бастадық.

Жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспары жасақталып, онда мынадай міндеттемелерді басты назарға қойдық:

1. Оқушылардың әлеуметтік-педагогикалық ерекшеліктерін және олардың ортасын, өмір салтын, қызығушылығы мен қажеттіліктерін, мәселелерін, келеңсіз жағдайларын, оқушылардың мінез-құлқындағы ауытқуларды зерттей келе, өз кезегінде балаға және отбасына әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету.
2. Әлеуметтік педагогикалық жұмыстың әдістері мен бағытын, тапсырмаларын, әлеуметтік және жеке мәселелерді шешу жолдарын айқындау.
3. Оқушыларды әлеуметтік қорғауда білім беру, тәрбиелеу, дамыту процестерін жүзеге асыру.

2019 жылдың қыркүйек айында барлық сынып жетекшілерінен оқушылардың әлеуметтік паспорты алынып, сол бойынша оқушы санаттары анықталды және көп балалы, аз қамтылған, АҚҚ, жартылай жетім балалардың құжаттары жинақталып, ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін балалар саны нақтыланды. Ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі жасалып мектеп директоры М.С. Жантурина қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ж.Атаниязов қадағалауымен бекітті. Бұл оқушылардың құжаттарын тексеруге арнайы комиссия мүшелері де бекітілді. Барлық ыстық тамақпен қамтылған оқушы саны-54 болды. Әр айда ыстық тамақ ішетін оқушылардың есебі есепшіге тапсырылып отырылды. Оқушылардың күнделікті тамақ ішуін әлеуметтік педагог А.Қ.Мусаева бақылап отырды. Сонымен қатар, қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ж.Атаниязов ай сайын тексеріс жүргізіп отырды.

2019-2020 жылғы қыркүйекте 54 бала анықталып, құжат тапсырған болса, бұл көрсеткіш оқу жылының ІІ жартыжылдығында 76 балаға жетті, яғни ыстық тамақпен қамтылғандар саны-76-ны құрады. Олардың 39-ы АӘК алатын отбасыларынан шыққан.

Ақтөбе қаласы білім бөлімінің 10.07.2019 жылғы №1073 бұйрығына сәйкес, “Мектепке жол” республикалық акциясы аясында 4 оқушыға (Мусиевтер) мектеп тарапынан, Ақтөбе қаласы Қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан мектептің жеті оқушысына көмектер көрсетіліп, қажетті киім-кешектер, оқу құралдары алынып берілді. Мұндай қайырымдылық көмектері Алматы ауданы әкімдігі тарапынан да, жеке кәсіпкерлер тарапынан да көрсетілді.

Басқа мекемелермен байланыс жасау бағытында Пригородный модульдік кітапханасы мамандарымен, СПИД (ЖИТС) орталығы мамандарымен кездесулер өтті. “Алақай” қуыршақ театрының сахналық көрінісімен Жаңа Жылдық шырша мерекесі ұйымдастырылды.

Ақтөбе қаласы әкімінің шыршасына аз қамтылған, көп балалы отбасылардан

3 оқушы, Алматы ауданы әкімдігінің шыршасына 21 оқушы қатысса, қалған 47 оқушы басқа демеушілердің қолдауымен жасалған Жаңа жылдық сыйлықтарға ие болды.

Мектеп-отбасы-ата-ана баланы тәрбиелеуге бірдей үлес қосатындықтан, мектеп өмірінде өтетін шаралардың барлығы оқушының бойында жақсы, ізгі, адами қасиеттерді қалыптастыруға бағытталады. Осы орайда, мектепте өтілетін әр шараға аз қамтылған, көп балалы отбасылар балалары бірінші тартылары сөзсіз.

07.09.2019 жылы № 65 ЖББОМ-де жалпыреспубликалық «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбындағы ата-ана, мұғалім, оқушы қатысқан «Денсаулық фестивалі» өтіп, мектептің барлық оқушысы қатысты.

1 қазан-қарттар күніне орай «Қарттарым-асыл қазынам» тақырыбындағы мерекелік концертке көп балалы, аз қамтылған отбасылар балалары да белсене атсалысты. Және осы күні аз қамтылған, көп балалы отбасылары балаларына арналған «Күнім, сен сөнбеші» концерті қойылды.

3-ші қазан күні өткізілген мектепшілік Абай оқулары сайысына да осы санаттағы оқушылар мейлінше көбірек тартылды.

25.10.2019 жылы өткен «Менің жанұям» тақырыбында «Отбасы-тәрбие басы, мектеп-тәрбие жаршысы» атты республикалық интернет науқанға аз қамтылған отбасыдан шыққан 2 «а» сынып оқушысы Машырық Асылмұрат отбасы мүшелерімен бірлесе түсірген бейнеүзгіні ұсынды.

28.10.2019 жылы ҚР Тұңғыш Президенті күні қарсаңында барлық мектеп оқушыларына «Балалық шағымның аспаны» кинофильмі көрсетілді.

2019 жылдың қазан айының жоспарына сәйкес, «Оқушылар арасында 442 т 2-бап 3 б ҚР Әкімшілік Кодексі» туралы мақаланы қаншалықты деңгейде меңгергендігі жөнінде сауалнама алынды.

Сондай-ақ, қазан айында отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастағы сәтсіздіктердің алдын алу мақсатында сынып жетекшімен бірлесе отырып, әңгімелесулер жүрді.

Мектеп психологымен бірлесе отырып, медиация кабинетінен жекелеген оқушылардың тәртібі жөнінде ақыл-кеңестер алынды.

03.12.2019 жылы «Жас өнерпаз» II республикалық шығармашылық байқауына мектебіміздің көп балалы отбасынан шыққан 9-сынып оқушысы

Русланқызы Мейрамгүл «Вокал» жанры бойынша қатысып, жүлделі І орынды жеңіп алды.

16 желтоқсан-Тәуелсіздік күні мерекесіне орай мектептің 5-9 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылған флеш-мобқа аз қамтылған, көп балалы отбасы балалары да қатысты.

Мектебімізде 2019 жылы 10 қаңтар мен 10 ақпан аралығында «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы бойынша айлық өткізілді. Акцияны өткізу барысында іс-шара жоспары жасалып, бекітілді. Акцияның мақсаты - оқумен қамтылмаған мектеп жасындағы балаларды анықтау, сондай-ақ материалдық көмекке мұқтаж көпбалалы, аз қамтылған отбасыларға, жетім және жартылай жетім, қамқорлыққа алынған балаларға әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету. Әлеуметтік себептер бойынша сабақтарға балалардың келмеуінің алдын алу.

Міндеті:

- жалпы орта білім алу үшін мектеп жасындағы балаларға жағдай жасау;
- дәлелсіз себептермен сабақтарға ұзақ уақыт бойы қатыспаған мектеп жасындағы балаларды анықтау және есепке алу;
- олардың сабақтарға қатыспау себептерін анықтау;
- күнкөрісі төмен және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға материалдық көмек көрсетуге бағытталған қайырымдылық қызметін жүзеге асыруға жұртшылықты тарту.

Акция барысында сабақтан себепсіз көп қалатын оқушылардың жоқ екендігі анықталды.

12.02.2020 жылы мектеп бойынша «Қайырымдылық» акциясы ұйымдастырылып, түскен қаражатқа аз қамтылған 9 оқушыға сыйлықтар үлестірілді.

1 наурыз-Алғыс айту күніне орай «Алғысымыз шексіз» тақырыбындағы қайырымдылық концертті өтіп, осы шара барысында аз қамтылған екі отбасыға (Еламановтар мен Әділхановтар отбасы) жеке азаматша Төлеуқызы Мөлдір азық-түлік әперді. Мектеп директоры қайырымды ата-ананы Алғыс хатпен қуантты.

Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтануды ұсыну» мемлекеттік стандартына сәйкес, 03.03.2020 жылы бракераждық комиссия мүшелері асхана жұмысын, тазалығын, балалардың дұрыс тамақтануын тексеру мақсатында кезекті тексеру жұмыстарын жүргізді. Тексеру барысында асханадағы тамақ өнімдерінің сапасы, сақталу мерзімдері, дайындау технологиялары, мөлшері есепке алынды. Бұған дейін мұндай тексерулер қазан, қараша айларында жүріп, хаттамалары толтырылған болатын.

2019-2020 оқу жылының 4-ші оқу тоқсанында елімізде коронавирус індетіне ТЖ жариялануына байланысты, қашықтан оқуға көштік, сондай-ақ қасиетті ораза айымен тұспа-тұс келген сәт болды. Бұл кезеңде де мектеп мұғалімдері мен жекелеген азаматтар тарапынан К.Нокин ауылының аз қамтылған, жұмыссыз отбасыларына азық-түліктей жасалған көмектер көп болды.

Елге келген қиындық тұсында іргеміздің беріктігін, аз қамтылған топтарға әлеуметтік қамқорлықтың болатындығын көрсете алдық деген ойдамын.

ХІІ. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

2019-2020 оқу жылына №65 жалпы білім беретін орта мектебінің психологиялық қызметтің жылдық жұмыс жоспары құрылып, төмендегідей мазмұнда жұмыстар атқарылды.

Қазіргі таңда мектебімізде 331 оқушы білім алуда. Жоспарға сәйкес жүргізілген **әдістемелік жұмыстар:**

Жыл басында жылдық құрылып, бекітілді. Нормативтік құжаттар: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Білім туралы заңы, Қазақстан Республикасының Бала құқығы туралы заңы, Бала құқықтары туралы Конвенциясы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 желтоқсандағы №528 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу» қағидалары, ҚР 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын бекіту туралы ҚР Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы №1677 Жарлығы, Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы, Ақтөбе облысы әкімдігі 2015 жылғы №257 бұйрығы Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы қаулысымен толықтырылды.

Облыстық, қалалық семинарлар мен курстар, онлайн сабақтарға қатысып білімімді жетілдірдім. Атап айтар болсам «Детско-родительский коучинг» тақырыбында семинар-тренинг, «Деструктивті діни ұйымдардың құрбандарымен жұмыс. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлықын алдын-алу» тақырыбында семинар-тренинг, жас мамандар отырыстары, ҚР Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығына «Мектепте қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету және зорлық-зомбылықты болдырмау, жасөспірімдер арасындағы өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу» тақырыбында 80 сағаттық базалық курстан өтіп жас маман ретінде әдістемелік көмек алып, білімді шыңдап, тәжірибе жинақтап отырдым.

Жоспарға сәйкес жүргізілген **диагностикалық жұмыстар:**

Қыркүйек, қазан айларында 1 класс оқушылары үшін, оқушыларды мектеп бағдарламасына бейімдеу мақсатында «Керн Йирасик» жүргізілді. Әдістемелерге 1 «А», 1 «Ә» оқушылары қатыстырылды. Жалпы оқушы саны - 43. «Жоғары», «Орташа», «Орташадан төмен» көрсеткіштермен белгіленді.

Жалпы екі кластың көрсеткішіне тоқталатын болсақ, жоғары-20 оқушы-46,5%, орташа-19 оқушы-44,1%, орташадан төмен-4-9,3% көрсеткіш көрсетті. Сонымен қатар 1 класс оқушыларының сыныпқа бейімделуін анықтау үшін «Менің класым», «Мектеп мотивациясын тексеруге арналған» Н.Г. Лусканова әдістемесі жүргізілді. Әдістеме нәтижесі «сыныпқа бейімделуі қалыпты», «бейімделу үстінде» деңгейлерімен анықталды. Әдістеме нәтижесінде бейімделуі қалыпты оқушы-37 оқушы-86%, бейімделу үстінде-13,9% деңгейді көрсетті.

Жалпы орта буынға бейімделу процесін анықтауға 5 класс оқушылары қатыстырылды. Оқушылардың ұжыммен қарым-қатынасын анықтау мақсатында «Социометрия» әдістемесі жүргізілді. «Оқу мотивациялық көзқарасын анықтауға арналған» Н.Г.Лусканова әдістемесі жүргізілді. Әдістемеге 5а, ә класс оқушылары қатыстырылды. Сауалнама қорытындысы бойынша қалыпты деңгей-79,4%, бейімделу үстінде-20,5% құрады. Педагогтар тарапынан оқушыларға психологиялық қолдау таныту, қимыл-қозғалыс басым топ оқушыларын ұжымшылдыққа баулу туралы пән мұғалімдеріне ұсыныстар берілді.

Жыл басында сынып жетекшілермен тығыз қарым-қатынаста болып дарынды балалар іріктеліп алынды.

Жасөспірімдерге арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу арналған 6-11 класс оқушыларынан анонимді түрде сауалнама алынды. Оқушылардың мінез ерекшеліктерін анықтау мақсатында 6-7 класс оқушыларынан «Темперамент» В.С.Волков, Н.Н.Волкова әдістемесі алынды.

«Оқушылардың мектепке мазасыздану анықтау» мақсатында Филлипс тесті алынды. «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы аясында 8-10 класс оқушыларына онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 61 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесінде «Қауіп тобына» шыққан жасөспірімдер саны анықталмады.

Оқушылардың діни көзқарасын анықтауға арналған 5-11 оқушыларына сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде балаларда дінге бейімділік анықталмады. Сонымен қатар оқушылардың «Тәрбиелену деңгейін» анықтау мақсатында Н.П.Капустин әдістемесі жүргізілді. 6-7-10-11 класс оқушыларынан сауалнама алынды. 11 класс оқушыларына «Дифференциалды-диагностикалық сауалнамасы», «Мамандық таңдауға байланысты» Климов әдістемесі жүргізілді. Тәуекел топ оқушыларының ұжыммен қарым-қатынасын анықтау мақсатында сауалнама алынды. Темперамент типтерін анықтау мақсатында сауалнама алынды. 4 «А», «Ә» класс оқушыларына зерттеу жұмыстары жүргізіліп, оқушылардың танымдық деңгейін анықтау мақсатында «Танымдық процестерді анықтауға арналған тапсырмалар» алынды.

4 кластар арасындағы балалар ұжымындағы өзара қарым-қатынасты анықтау мақсатында «Социометрия» әдістемесі жүргізілді.

4 класс оқушыларының өзін-өзі бағалау деңгейі анықтау мақсатында суреттік тапсырма берілді.

Мектепалды даярлық тобына, мектепке дайындығын анықтау мақсатында «Керн Йирасик» әдістемесінің тапсырмалары жүргізілді.

Консультативтік жұмыстар

Бейімделуі төмен деңгейдегі оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру мақсатында жеке кеңестер берілді. Сонымен қатар ата-аналарға оқушылардың орта буынға бейімделу кезеңіне кеңестер берілді. Жалпы ата-аналар жиналысында «Суицидтің алдын алу жолдарын білеміз ба?» тақырыбында кеңестер берілді. 1 – желтоқсан Бүкіләлемдік ЖИТС-ке қарсы күрес күнінде «ЖИТС туралы не білесіз?» тақырыбында дәрігер-

эпидемиологпен кездесу ұйымдастырылып кеңестер жүргізілді. Осы оқу жылында жоспарға сәйкес жыл бойына 11 класс оқушыларына психологиялық қолдау көрсетілді. «Емтиханға қалай дайындалу керек? Ол үшін не істеуіміз керек?», «Егер де ҰБТ кезінде қиындықтар бола қалса» тақырыптары жайында кеңестер берілді. Кеңес беру жұмыстары. Ата-анаға-10, оқушыға-25, мұғалімге-10 кеңес берілді. Жалпы саны -45 кеңес жүргізілді.

Профилактикалық жұмыстар

Оқу жылының басында «Жасөспірімдердің денсаулығы және өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы бойынша мектеп қызметкерлерін бағдарламасы аясында суицид сақшылары ретінде оқытылды. Жалпы бағдарлама бойынша оқытылған қызметкерлер саны-64. Қараша айында барлық мектеп қызметкерлеріне дәрістер оқылды. «Суицид әрекеттерінің алдын алудағы мектеп рөлі», «Мәселенің ауқымды және суицидтің қауіпті факторлары», «Қауіп тобындағы балаларға көмек көрсетудегі мұғалімнің рөлі» тақырыптарында мектеп мұғалімдерімен қатар мектеп қызметкерлер бағдарлама бойынша оқытылып шығарылды.

«Қайырымдылық-жер бетінде» атты 5-7 класс Өзін-өзі тану апталығы аясында флэшмоб би сайысы ұйымдастырылды. Сайысқа қатысушылар үлкен қызығушылықпен қатысты. 6-11 класс оқушылары арасында «Құқық бұзушылықтың алдын-алу» мақсатында сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша мектеп оқушыларыарасында ешқандай құқық бұзушылықтың, ақша жинау, қорқыту сияқты тәртіпсіздіктің жоқтығы анықталды.

Ақпан айында Bilim foundation қоғамдық қорының ұсынған «Денсаулық және өмірлік дағдылар» кітаптар сериясы ұсынылды. Наурыз айында кітап серияларымен оқушыларға таныстыру жұмыстары жүргізілді.

Мектепішілік есепте тұрған оқушы мен тәуекел тобындағы оқушылар қоғамдық пайдалы еңбекке араластырылды. Бұл оқушылармен мектеп психолог, класс жетекшісімен бірге отырып, бақылау жүргізді. Оқушылардың сабаққа қатысымын, үлгерімін, достармен қарым-қатынасын, мұғалімдерге деген көзқарасын біліп, сабақтарына қатысып отырдық. Мектепішілік есепте тұрған оқушылармен «Темперамент типін», «Социометрия», «Өзін-өзі бағалау» мақсатында «Баспалдақ» әдістемесі жүргізілді жүргізіліп, нәтижесі шығарылды.

Коррекциялық жұмыстар

Алынған сауалнамалар негізінде бірінші класс оқушыларының бейімделуіне жағдай жасау мақсатында тренингтік жаттығулар жүргізілді. Жаттығу барысында барлық оқушылар ынта-жігерлері жаттығуларға қызығушылықпен қатысып, тренинг өз нысанына жетті.

5 класс оқушыларына арналған «Мен және менің мүмкіндіктерім» атты бейімделуге психологиялық тренингтер өткізілді. Тренинг барысында оқушыларға бір-біріне жылы сөздер айтылды. 6-7 класс оқушыларына мектеп тәлімгерімен бірге «Есімдер сырлары» тақырыбында психологиялық тренингтер жүргізілді. «Қызғалдақ қыздар» клубының отырысында оқушылар арасында жағымды психологиялық ахуалды жақсарту мақсатында психологиялық тренингтер жүргізілді. 5 класс оқушыларының арасында

жағымды қарым-қатынас орнату мақсатында «Құбыр», «Өрмекші торы» жіптік жаттығулар жүргізілді.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар

Жалпы мектепішілік жиналыста ата-аналарға «Суицидтің алдын алу жолдарын білесіз бе?» тақырыбында баяндама оқылды.

Қараша айында «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және деструктивті мінез-құлықтың алдын-алу» бағдарламасы аясында 8-9-10 класс оқушыларының ата-аналарына бағдарламамен, бағдарлама ережесімен таныстыру жұмыстару жүргізілді.

Ата-аналарға «Балалардың қауіпсіздігін сақтау және мектеп оқушыларының арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында ата-аналарға ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінен үзінділер келтіріліп, бала қауіпсіздігі жөніндегі Ақтөбе қаласы Алматы ауданының прокуратурасының ата-аналарға арналған жадынамалары таныстырылды.

Дарынды оқушылармен жұмыс

Биылғы оқу жылында мектебімізде дарында оқушылар анықталып, оқушылардың қызығушылығы, пәнге бағыттылығы зерттелді. Сонымен қатар өзін-өзі бағалау сауалнамасы жүргізілді. Дарынды оқушылардың дарындылық қабілеттерін шыңдау мақсатында жыл бойына түрлі сайыстарға, жарыстарға қатыстырылып отырды.

ҰБТ-ге дайындық жұмыстары.

11 класс оқушыларына ҰБТ дайындық кезеңінде қолдау көрсету жұмыстарының жоспары жасалды. 11 класта барлығы 12 оқушы. 11 класс оқушыларына ҰБТ-ге дайындығын анықтауға арналған диагностикалау жұмыстары, сауалнамалар алынды. «ҰБТ-ге оқушылардың дайындығын анықтау диагностикасы» атты сауалнама алынды. «Емтиханға қалай дайындалу керек?» тақырыбында сабақ жүргізілді. Сабақ барысында сынаққа психологиялық қалай дайындалуға болады. Көздерің талса, не істеу керек. Жұмыс жасайтын орын. Есте сақтаудың кейбір заңдылықтары, Жұмысқа деген қабілетті арттыру шарттары, Бәрі сенің қолыңда, Тестілеу қарсаңында, Тестілеу кезінде өзінді қалай ұстау керек? Сіз үшін пайдалы кеңес атты кеңестер ұсынылды. «Сенім менің серігім» тақырыбында оқушылардың сенімділігін, мінез-құлқын, эмоциялық дағдыларын психологиялық тұрғыда қалыптастыру мақсатында тренинг жүргізілді.

Даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс. Инклюзив тобы бойынша мектепте 2 оқушы білім алуда, жұмыс жоспарына сәйкес ой-өрістерін дамытатын «Мен және менің отбасым» суреттік тесті алынды. Таным процестеріне арналған «Төртінші артық» тапсырмасы берілді. Оқушының мінез ерекшелігі мен ақыл-ойының деңгейін анықтау үшін «Кооса кубигі»-мен жұмыс жүргізілді.

Жыл басында мектепішілік бақылауда тұрған «тәуекел» тобының тізімі жасақталды. Тәуекел топ балаларынан сауалнамалар алынып, кеңеске шақырылып, кеңестер жүргізілді. Психологиялық жаттығулар жүргізілді.

Әрбір жеке тұлғаның ішкі психологиялық күйімен бөлісу мақсатында «Сенім телефоны», «Сенім жәшігімен» хаттармен жұмыстар жүргізіліп, әр апта сайын

Сенім жәшігі тексеріліп отырылды. 2018-2019 оқу жылы бойынша «Сенім телефонына» қоңырау түспеді.
«Сенім жәшігіне» хаттар келіп түспеді.

Қорытынды және ұсыныс.

2019-2020 оқу жылындағы психологиялық қызметтің жылдық жұмысын қорытындылай келе, осы оқу жылындағы жұмыстар өз көлемінде жүргізілді.. Келесі оқу жылында өз жұмысымызда психологиялық қызметтің оқу үрдісімен тығыз байланыстыра отырып жүргізуді өзімізге мақсат етіп қойып отырмыз.

XIII. КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

№65 ЖББОМ-нің кітапханасы мектеп директоры бекіткен жылдық жоспары бойынша жұмыс жасайды. 2019-2020 оқу жылында кітапхана қызметкерлері штаты: кітапханашы – 1.

Кітапхананың жұмыс кестесі күнделікті сағат 9.00-ден-17.00-ге дейін.

Демалыс күні-жексенбі.

Кітапханашы туралы мәлімет.

Аты-жөні	Оқу орыны	Мамандығы	Кітапханашылық еңбек стажы	Қызметі
Жұмабаева М.А	Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университет	кКітапханашы	12	кітапханашы

Мектеп кітапханасы 1-қабатта орналасқан. Кітапхананың жалпы ауданы - 119,4 ш.м. Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие беретін мәдени ошақтың бірі –мектеп кітапханасы. Егемен еліміздің ертеңі болар жас ұрпақтың білімін кеңейтіп,біліктілігін арттыруда мектеп кітапханасының да рухани қазына екені рас. Ол –мектептің жүрегі,ажырамас бір бөлігі іспетті. Жаңа заман талабымен ғаламтор заманы болғанымен, рухани азық іздеген,көзі ащық,көкірегі ояу әр баланың бір қасиетті қара шаңырағы- кітапхана. Кітап-біздің рухани құндылығымыз, теңдесі жоқ байлығымыз. Өткен замандардың тереңінен сыр шертетін тарихы да,әдебиеті де осы кітап арқылы жетіп отырады.Кітапханада оқырмандарға іздену,ақпарат алу және мәдени даму жағдайы қарастырылған.Рухани жаңғыру аясында Елбасының Ұлы даланың жеті қырының негізі тақырыптарын жүзеге асырудың нақты жолдарын таныстырып және насихаттай отырып,тарихи сананы жаңғырту,ұлттық болмысымызды сақтау,жас буынды ұлттық тәрбиемен сусындату,ұлт қаһармандарын үлгі тұту үрдісін қалыптастыру ,мақаласын насихаттау оқушылардың бойына ұлттық сананы ояту,жас ұрпаққа санасын,туған жерге деген құрмет,сүйіспеншілік,мақтаныш сезімін ұялату,ұлттық рухты сіңіру мақсатында кітапханада біраз тәрбиелік-танымдық шаралар өткізілді.

Кітапхана жұмыстарының негізгі бағыттары:

- 1.Кітапхананың міндеті мен ережесі.
- 2.Негізгі бақылау көрсеткіштері.
- 3.Балалардың ынтасы мен оқу ерекшеліктерін зерттеу жұмыстары.
- 4.Оқырманды кітапханаға тарту жұмыстарын ұйымдастыру.
5. Балаларды адамгершілікке,әдептілікке,елжандылыққа тәрбие жұмыстары.
- 6.Эстетикалық,этикалық тәрбие негізінде сұлулық,нәзіктік жайлы және өлке тану байланысты насихаттау.
- 7.Әдет-ғұрып,салт-дәстүрді,тілімізді насихаттауға бағытталған жұмыстар.
9. Оқулыққа байланысты жүргізілетін жұмыстар.

Кітап қорының жағдайы

Кітап қоры және оқушылардың оқулықпен қамтылуы:

2019-2020 оқу жылындағы мектеп кітапханасының кітап қоры 7641. Биылғы оқу жылында Қалалық білім бөлімінен 4,9,10 класс оқулықтары барлық оқушыға жеткілікті деңгейде келіп оқушылар түгел оқулықтармен қамтамыз етілді. Келген жаңа оқулықтар есепке алынып,штамп басылып оқушыларға түгел таратылды.Мектебіміздегі барлық класстарға оқулықтар аз қамтылған оқушыларға жеткілікті деңгейде таратылды.

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР:

Кітап қоры-7641

Оқулық саны-7641

Әдістеме-2

Өткізілген іс-шаралар:

Көрме-18

Әдеби кеш-3

Мәнерлеу оқу-2

Шолу-10

Дөңгелек стол-3

Оқулықпен қамтылуы-100%

Аз қамтылған-100%

Оқырман саны-280

Бүгінгі заманға сай мектеп кітапханасы компьютермен жабдықталған. Кітапханада ғаламтор жүйесі қосылды.

Жеке оқырманмен жұмыс

Оқу жылы басталысымен кітапханаға келген оқырмандардың және класс бойынша кітапханаға тіркелген оқушылардың формуляры қайта номерленіп тіркеліп,кітапхана күнделігі жүргізіледі. Күнделік ай сайын қорытындыланып есебі жүргізіледі. Оқырмандардың жыл бойы оқыған кітаптары есепке алынып формулярға сараптама жасалады. Ағартушылық ,көпшілік,кітап оқуға қызығушылық бағыттағы жүргізілген жұмыстар. Мектеп кітапханасы ағартушылық бағыттағы жұмыстарын оқырмандарға қызмет көрсетуден бастайды. Мектеп мұғалімдері тәрбие сағаттарына сабақтарының тақырыбына байланысты материалдар ізденгенде кітапхананың көмегіне сүйенеді. Ал оқушылар мәнжазба жазуға ,үй тапсырмасына қосымша мәліметтер іздегенде ғаламтор жүйесін пайдаланады. Кітапхананың негізгі міндеті оқушыларды кітап оқуға шақырып,кітап құмарлығын арттырып кітап оқу арқылы сөздік қорын, ой-өрісінің дамуын рухани

байлығын,шығармашылық қабілетін арттыру. Сапалы білім,саналы тәрбие алу үшін, көп іздену керек екенін түсіндіре отырып оларды адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында мектеп кітапханасында көптеген іс-шаралар жүргізілді.Әр түрлі тақырыпта көрмелер:22-қыркүйекте Қазақстан халықтарының тілдеріне орай «Тілім менің- тірегімнің айнасы» атты шара барысында Пригородный №9 модульдік кітапханасында 4 класс оқушыларымен саяхат өткізілді.Сонымен қатар тіл күніне орай « Тіл-ұлт тірегі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып,қазақ тілі мамандарымен бірігіп дөңгелек үстел өткізілді. «Бір ел- бір кітап» акциясы аясында көрме ұйымдастырылды,сонымен қатар «Әлем таныған Ұлы Абай» кітап көрмесі ұйымдастырылып Абай оқулары өткізілді.»Рәміздер -мақтанышым» атты тәрбие сағаты 6 класс оқушыларымен өткізілді.Медбике Идирисова Алмагүлмен бірігіп «Денсаулық» сағаттары өткізілді. «Қазақ балалар жазушысы Б.Соқпақбаевтың дүниеге келгеніне 95 жыл» толуына байланысты «Менің атым Қожа» фильмнен үзінді көрсетілді. «Қазақ әдебиетінің классигі Б. Майлин 125 жыл» толуына байланысты «Шұға» әңгімесінен үзінді айтылды. «Жүрек жылуы» атты 4 класс танымдық сабақ өтті. «Әбіш Кекілбаев 80 жасқа» толуына орай кітап көрмесіне шолу жасалды. «Теңге-ұлттық табыстың кепілі» сайыс сабағы 6 класс оқушыларымен ұйымдастырылып,көрме жасалды. «Мен өзім тауда туып,тасында өстім» атты тақырыпта 7 класс оқушыларымен әдеби кеш өткізілді. «Ғаламтордың пайдасы мен зияны» атты дебат сабағы өтті.«Ел және Елбасы» атты ашық кітап көрмесіне шолу жасалып, «Б Балалық шағымның аспаны» атты кинофильм тамашалады. Тәуелсіздіктің күніне орай,7 класс оқушылармен «Тәуелсіздік-Мәңгілік ел мұраты» атты кеш және «Тәуелсіздік таңы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Ғасырға жуық тарихы бар «Егемен Қазақстан» газетіне көрме жасалып,мұғалімдер арасында пікір сабақ өтті. «Қоғамға қауіпті кесел-сыбайлас жемқорлық» атты дебат сабағы өткізілді «Мұқағали - мәңгілік ғұмыр» атты әдеби кеш өткізілді.»Жерлес ақын,халық жазушысы Қуандық Шаңғытбаевтың дүниеге келгеніне 95 жыл» толуына орай «Ауылдың оты жамырып... атты көрмеге шолу жасалды. «Жыр жазамын жүрегімнен» «Абайдың 175 жылдығына» байланысты оқушылар арасында өздерінің шығарған өлеңдерінен жыр шумақтар оқылды. «Оралхан Бөкей-төр Алтайдың асылы» атты әдеби кеш ұйымдастырылды.

Мектеп кітапханасында анықтама – библиографиялық материалдар, көркем әдебиеттер жоқ болғандықтан Пригородный елді мекеніндегі кітапханамен тығыз байланыста жұмыс жүргізем. Сонымен қатар мектеп кітапханасына « Абайдың 175 жылдығына» «Буккроссинг» бұрышы жасалды.Балалардың жас ерекшеліктеріне сай ертегі кітаптар және ертегі кітапшалар жасалды.Кітап оқуға баулу жұмысында,кітапханашы үлкен роль атқарады. Кітапханаға келген әр оқушының сұранысын орындай отырып,оқысы келетін оқушының жас ерекшелігіне көңіл бөлінеді. Кітап оқығанда оқыған кітапбынды біреуге айтып бере алатындай түсініп оқу керек екендігі түсіндіріледі. Биылғы оқу жылында мектеп кітапханасы жоспардан тыс көптеген жұмыстар жүргізді.2019-2020 оқу жылында мектеп кітапханасының алдына қойған мақсаттары мен міндеттері орындалды.

1. Жаңа оқу жылына мемлекеттік тілде әдебиет жинақтау;
 2. Кітапты, оқулықтарды, ақпарат деген көздерімен бүлдірмеуге үйрету, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу;
 3. Кітапхана, ақпаратқа деген оқырмандардың жан-жақты сұранысын қанаттандыру, оларды оқуға тарту, ынтыландыру;
 4. Кітапханадағы компьютерлерді ғаламтор жүйесіне қосу;
 5. Тез шұғыл ақпарат алу үшін оқырмандарға жағдай жасау;
 6. Әлеуметтік, желістердегі кітапхана жұмысын насихаттау;
 7. Облыстық, қалалық кітапханаларымен байланыс жасай отырып көшпелі кітап көрмелерін мектепке ұйымдастыру.
- 2019-2020 жылға мектеп кітапханасы баспасөзге жазылды. Барлығы: 13 дана

р/с	Баспа атауы	Саны
1	Ақтөбе	5
2	Егемен Қазақстан	6
3	Ана тілі	1
4	Білімді ел	1

IX. ЛОГОПЕД ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Жұмыстың өзектілігі

Оқушылардың сөйлеу тілінің анықтылығы

Дыбыстарды анық айтуға машықтануы

Оқушылардың оқу және жазу дағдыларын жетілдіру, пікірі мен өз ойын еркін жеткізуге дағдыландыру.

Сөйлеу бұзылыстарын жүйелеу

Сөйлеу бұзылыстарының механизмдерін, құрылымдарын және симптомдарын айқындау.

Сөйлеу бұзылыстарының профилактикалық әдістерін толық жетілдіру

Мақсаты:

Сөйлеу тілі бұзылған балаларды анықтап, тіл кемістіктерін әртүрлі жолдар мен жою

Балаларды түзету жұмысына ынтыландыру

Саналы түрде тапсырманы орындауға үйрету

Оқуын, жазуын дыбыстарды сөздерді анық айтуға машықтандыру

Артикуляциялық органдардың (ерін, тіл, тіс, жақ сүйектері қозғалысын дамыту).

Түзету жұмысының барысында әртүрлі сыртқы тіректі жан-жақты пайдалану

Сөйлеу тіл қызметінің бұзылуын қалпына келтіруді жетілдіру

Сөйлеу тілінің бұзылуы мен ауытқушылықтарын жан-жақты зерттеп, коррекциялық жұмыстарды ұтымды пайдалану.

Күтілетін нәтиже

Логопед, ата-ана оқушының бірлесіп үздіксіз жұмыс жасауының нәтижесінде сөйлеу тілі бұзылған балалардың тіл кемістіктері жойылып, дыбыстарды дұрыс айту машығы қалыптасады.

2019-2020 оқу жылының қазан айында логопедтік тізімде 22оқушы болды.

№	Аты-жөні	Туған жылы, айы-күні	Сыныбы	Диагнозы	Мекен-жайы
1	Бақтығали Дарын	29.08.2013	1а	ФЖ	Балауса 11
2	Ерболсын Айару	30.04.2012	1а	Стертая дизартрия	Серуен 38
3	Жадигер Алишер	15.05.2013	1а	ФЖ	Ұлан 46
4	Жиенбаев Руслан	13.11.2013	1а	ФЖ	Асхк2/62
5	Қангереев Бекзат	08.02.2013	1а	ФЖ	Ұлан 51
6	Алмасқызы Аягөз	21.08.2013	1ә	ФЖ	Балауса 35
7	Болатова Ақбота	16.11.2012	1ә	ФЖ	Асхк 3/28
8	Жұмабек Шахмардан	24.09.2013	1ә	ФЖ	К.Нокин уч 83
9	Зинелова Арайүл	18.08.2013	1ә	ФЖ	Ұлан 43
10	Қожакулов Диас	19.10.2013	1ә	ФЖ	Жігер 42
11	Тынышев Ерасыл	04.11.2013	1ә	ФЖ	Үркер 37
12	Амиров Хаким	22.01.2013	1ә	ФЖ	Асхк3/8
13	Қангреев Азамат	19.03.2011	2а	ФФЖ	Ұлан 51
14	Маратова Еркеназ	30.12.2010	2а	ОНР II-Шур	Үркер 21
15	Махсет Нүрәділ	03.02.2012	2а	ФФЖ	Асхк көш,уч 2
16	Байжан Аяулым	30.08.2012	2ә	ФФЖ	Аманат 17
17	Иманбаев Мирас	06.02.2012	2ә	ФФЖ	Жігер 22
18	Көлдеев Ақдәулет	06.02.2011	2ә	ФФЖ	Жаңақұрылыс
19	Қожағали Нұрлыбек	28.07.2011	3а	ФФЖ	Балауса 18
20	Таскенов Райымбек	12.01.2011	3а	ФФЖ	Асхк 2/24
21	Ахмедияр Алихан	10.05.2010	4ә	ФФЖ	Асхк-1/28
22	Амандықұлы Ерасыл	12.12.2010	4ә	ФФЖ	Ұлан №2

Жалпы оқу жылында 2 оқушы болды. Оның қызы 6, ұлы -16. Ф.Ж-11, Ф.Ф.Ж-9, ОНР 2-3 деңгей-1,Стертая дизартрия-1.

Қазан айында ата-аналарға жиналыс өткізіліп,сауалнамалар жүргізіліп, сөйлеу карталары толтырылып, кеңестер айтылды.

Оқушылардың құжаттары жиналып, арыздары қабылданды. Әрбір топтағы балалармен сабақтар аптасына 2-3реттен жүргізіледі.Топтық сабақтардың ұзақтығы балалардың жас ерекшелігіне қарай және диагноздарына байланысты құрылды. Логопедтік сабақтардың қорытынды нәтижелері әр бір оқушының жеке сөйлеу карталарына белгіленіп отырылды.

I-жарты жылдық бойынша оқушылар тізімнен шығарылмады. Осы оқушылармен жыл бойы тіл дамыту сабақтары жүргізілді. Атап айтсақ әрбір сөйлеу органдарының қатысына қарай тілдегі әрбір дыбыстың өзіне тән

артикуляциясы болады.Осыған орай әр оқушыға тілдік дыбыстарына қарай артикуляциялық жаттығулар,қолдың саусақтарына қимылдату арқылы ұсақ моторикалық жаттығулар , құм терапиясы құмда суреттер салу арқылы дамыту жаттығулары жүргізілді.

Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту; шағын әңгіме,шағын ертегі,тақпақтар,мақал-мәтелдер, жаңылмай айтуға жаңылтпаштар,шағын суреттерді әңгімелеу, айналадағы қоршаған ортадан естілетін әртүрлі дыбыстарды ажырата білуге т.б.арнайы түзету дамыту жаттығулары жүргізілді.

Кейбір оқушыларда әсіресе 1-2сыныпта жазу дағдысының бұзылуы-дисграфия,оқу дағдысының бұзылуы-дислексия көптеп кездесті.Бұл оқушылармен арнайы жазу жұмысын жүргізу, түзу сызықтар бойынша қағазды қайшымен қию,жапсыру,ретімен орналастыру және санағыш таяқшалармен түрлі кескіндер жасау, мозайка құрастыру арқылы дамыту жаттығулары жүргізілді. Саусақ ойынын ойнау арқылы баланың ұсақ-қол моторикасы дамып, ойлау қабілетімен , ой-өрісі кеңейеді. Мысалы:Тышқан үйі,қайырлы таң, жасырынбақ, гүлдер,сегіз аяқ, үлкен шар,үйректер,көкек,түбіртек т.б.ойындары ойнатылып, жаттығулар жүргізіліп отырылды.

II жарты жылдықтың 27.01.2020күні № 42орта мектепте қалалық семинар өткізілді.Тақырыбы «Оқу мен жазудың бұзылуы кезіндегі кемшіліктерді түзетуде логопедиялық жұмыстарды ұйымдастыру»

Мақсаты ;Оқу мен жазу кемшіліктері бар мектеп жасындағы оқушылардың дыбыс,сөз,сөйлем айтуын,жазуын тиімді жаңашыл логопедиялық әдіс-тәсілдер арқылы түзету.

Семинарға ҚҒӘО әдіскері Г.У.Миндалина қатысты. Семинардың ашылуын мектеп директоры Р.Е. Сексенов ашып, одан әрі мектебіміздің психологтары Ж.Елубесқызы мен А.Ж.Өсербаева психологиялық тренингпен сәттілік тілеп ашып берді. Семинарға қалалық мектептерден 27 мектеп логопедтері қатысты. Тақырыпқа сай,барлық жағынан толық қамтылды. Семинар өте жоғары деңгейде өтті.

Осы жоғарыда аталған барлық тіл дамыту жаттығулары оқушылардың ата-аналарына арнайы жеке және топтық сабақтарға шақырылып,өз балаларының логопедиялық сабақ кезіндегі іс-әрекеттерін бақылау, логопед жұмысының тәсілдері мен мазмұнын таныстыру үзінділері көрсетіліп түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Осы тіл түзету жұмыстарының нәтижесінің жылдық қорытындысы бойынша мамыр айында сөйлеу тілі түзелген оқушыларды тізімнен шығарылып, диагностикалау жұмыстары алынып,жеке оқушының анықтамалары толтырылды.Келесі оқу жылына оқушы 17 қалып, 5 оқушы тізімнен шығарылды.

2020-2021 оқу жылына міндеттемелер:

Сөйлеу тілінің кемістіктерін анықтайтын, ажырататын педагогикалық тәсілдерді жетілдіру, сөйлеу тіл кемістіктерін жүйелеу. Қазақ тіліне тән дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктерін түзету тәсілдерін анықтап қолдану және дамыту.

Ұсыныс:

Тізімде қалған оқушыларға жаттығу тапсырмалары беріліп жұмысты одан әрі жалғастыру.

Ата-анамен, мектеп психологымен және класс жетекшілерімен байланысты нығайту.

Кабинетті логопедтік құралдарға сай жабдықтау

2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН МАҚСАТТАР:

1. Жаңа мазмұнды білім беру жүйесіне көшу мақсатында мектептің оқу-материалдық базасын молайту, мұғалімдерді білім жетілдіру курсынан өткізуді толық қамтамасыз ету. Қалалық, облыстық, республикалық семинарлар ұйымдастыруды қолға алу.

2. Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін дамытуға, өз білімін жетілдіру деңгейін көтеруге жағдай жасау. Мұғалімдердің әдістемелік деңгейлерін жетілдіре отырып, шығармашылық белсенділіктерін арттыру.

3. Шығармашылық жұмыс жасайтын мұғалімдердің озық педагогикалық тәжірибелерін жинақтау, бұқаралық ақпарат құралдарына шығу, үздіксіз баспаға ғылыми мақала беруді ұйымдастыру, бірлестіктің озық тәжірбиелі жұмыстарын қала, облыс көлемінде тарату.

4. Дарынды балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсете отырып болжау, жобалау жұмыстарын дамыту. Пәндік олимпиадаларға оқушыларды дайындау, мектепішілік, кластан тыс шараларды, ғылыми жоба қорғау деңгейін дамыту, қалалық, облыстық олимпиадада, сайыстарда жүлделі орын алуға оқушыларды жұмылдыру.

МЕКТЕПІШІЛІК БАҚЫЛАУ 2019-2020 ОҚУ ЖЫЛЫ

Айы	Бақылау түрі	Бақылау формасы	Іс-әрекеттер	Жауапты	Қаралатын орын
-----	--------------	-----------------	--------------	---------	----------------

ҚЫРКҮЙЕК	Тақырыптық	Пәндік жинақтау	1. Мектептің әлеуметтік паспортын өңдеу 2. «Білім туралы» Заңның орындалуы, 2020-2021 оқу жылындағы мектептің ішкі ережесімен таныстыру. 3. Электронды журналдың толтырылуына нұсқаулық (1-11 кластар үшін) 4. «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру 5. Білім беру саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің сапасын жақсарту: өтініштерді уақытылы өңдеу және тұтынушыларға қолайлы жағдай жасау. 6. Жеке құжаттар, алфавиттік кітап, бұйрық кітабын тексеру қорытындысы. 7. Ыстық тамақпен қамтамасыз ету 8. «Күнделік.KZ» электронды журналдың толтырылуы. 9. Коучинг «Сапалы білім мен тәрбие беру – мектептің басты ұстанымы»	КәдірЖ. Жантурина М.С. Нағыметова Н. Берікқызы А. Кәдір Ж.. Жантурина М.С. Исабекова А.Ш. Кәдір Ж. Нағыметова Н. Усманова Ж.Ш..	ӨК ПК ӨК ДЖК ӨК ӨК ДЖК ДЖК ПК
	Ағымдық	Кешендік кластық жинақтау	1. 6-18 жастағы балаларды оқумен қамту мақсатында мөлтекауданды аралау, аралайтын мұғалімдер тізімін бекіту, аралау қорытындысын шығару. 2. Оқушылардың оқулықпен қамтылуы туралы есеп. 3. Мектеп бітірушілердің орналасуы 4. 2020-2021 оқу жылындағы мұғалімдер жүктемесін бөлу . 5. 2020-2021 оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру. Арнаулы курстарды ҚББ сараптау комиссиясына ұсыну, факультативтік сабақтардың жоспарларын бекіту. 6. 2020-2020 оқу жылындағы оқу тәрбие жұмысының ерекшеліктері 7. АӘД пәнінің 2019-2020 оқу жылындағы жұмыс жоспарын бекіту.	Кәдір Ж. Жұмабаева М. Кукинбаев С.Д. Исабекова А.Ш. Еспамбетова А.Б. Кукинбаев С.Д Тағабиргенов Б.	ДЖК ДЖК ДЖК ПК ПК ПК ПК
ҚАЗАН	Жаппай	Кешенді жинақтау	1. Аттестатталатын пән мұғалімдерін аттестаттау ережесімен таныстыру, құжаттарын қарау. 2. Күнделік.кз электронды оқыту жүйесінің жұмыстарының жүргізілуі. 3. «Зерде» байқауының қалалық кезеңіне оқушылар дайындау. 4. Қазақ тілі, математика пәндерінен 2-11-кластарда әкімшілік кіріспе бақылаулар алу және қорытындылау. 5. 1,5 класс оқушыларының орта буынға бейімделуі. 6. 1-11 сыныптардағы. Өзін-өзі тану пәнінің берілуі. 7. «Тіл айлығын» барлық ӘБ-мен біріге отырып ұйымдастыру және қорытындылау 8. «Зерде» ғылыми жоба қорғау байқауына 1-7-класс оқушыларын дайындау, қазан айында өтетін қалалық кезеңге оқушыларды реттеу. 9. Қалалық сараптама кеңесіне арнаулы курс жоспарларын ұсыну.	Еспамбетова А.Б. Нағыметова Н. Сүтенов Ж.Ж. Исабекова А.Ш. Күсебай Қ. Исабекова А.Ш. Еспамбетова А.Б. Сүтенов Ж.Ж. Исабекова А.Ш., жауапты орынбасарлар.	ӘБО ӨК ӘБО ДЖК ДЖК ДЖК ӨК ӨК ӨК
	Қорытынды	Жекелеген	1. Электронды журналдың жүргізілуі 2. 1-11-кластарда оқушылардың сабаққа қатысымын тексеру қорытындысы. 3. Мектеп оқушылары арасында экстремизм мен терроризмнің алдын алу жағдайлары бойынша анықталған жұмыстарға есеп.	Жауапты орынбасарлар Исабекова А.Ш. Кукинбаев С.Д.	ӨК ДЖК ТК

ҚАРАША	Тақырыптық	Жекелеген	1. І тоқсандағы оқушылардың үлгерімі мен білім сапасының талдауы. 2. «Жас ұстаздар мектебі» жұмысын жүйелеу. Жаңадан келген мамандарға кеңестер беру, сабақтарына қатысу, әдістемелік көмек беру 3. Күнделік.КЗ толтырылуын тексеру. 4. 4, 5,10,11 класында математика пәнінің берілу жағдайын зерттеу 5. 6,7 кластарда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің берілу жағдайын зерттеу 6. Коучинг. «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолындағы оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдіс-тәсілдері»	Исабекова А.Ш. Еспамбетова А.Б. Нағыметова Н. Исабекова А.Ш. Исабекова А.Ш. Бекжанова Э.К.	ПК ӘК ДЖК ДЖК ДЖК ПК
	Ағымдық	Пәндік Жинақтау	1. Бастауыш пен орта буын арасындағы сабақтастық бойынша 5-кластардың математика, жаратылыстану сабақтарына қатысу және қорытындылау 2.Ғылым негіздері бойынша мектепшілік олимпиада өткізу. 3. Мектепте инклюзивті оқытуды ұйымдастыру	Алимбетова Б.Е. Жайтуғанова Н.Ш. Исабекова А.Б. Сүтенов Ж.Ж. Исабекова А.Ш.	ДЖК ПК ПК
ЖЕЛТОҚСАН	Ағымдық	Жекелеген	1. Оқу үдерісінде арнаулы, қолданбалы курстардың жүргізілуін бақылау. 2. 7-8 класында сабақтарда математика, химия пәндерінің берілуін бақылау 3. Қосымша бағдарламалардың орындалуы және рухани-адамгершілік тәрбиенің берілуі 4. 3-4 кластың сабақтарына қатысу, жаңартылған білім берудің барысын бақылау.	Еспамбетова А.Б. Әкімшілік құрамы Исабекова А.Ш. Кукинбаев С.Д. Шағырова В.Б. Еспамбетова А.Б. Исабекова А.Ш.	ӘК ДЖК ДЖК ДЖК
	Ағымдық	Жекелеген	1.Жас және жаңадан келген мұғалімдердің сабақтарына қатысу. 2.Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік шаралар ұйымдастыру. 3. Аттестатталатын мұғалімдердің жинақ папкаларын саралау, нәтижесін анықтау 4. Бастауыш пен орта буын арасындағы сабақтастық бойынша 5-кластардың орыс және қазақ тілі, ағылшын тілі сабақтарына қатысу және қорытындылау 5. Себепсіз сабақтан көп қалған оқушылармен, олардың ата-аналарымен жұмыс. 6. Қысқы каникулға дайындық 7. Спорттық секциялар мен үйірмелердің жүргізілуі 8.ҚР-ның мемлекеттік рәміздерін жүзеге асыру жұмыс жоспарының орындалуы.	Еспамбетова А.Б. бекітілген тәлімгерлері Кукинбаев С.Д. Еспамбетова А.Б. комиссия мүшесі Әкімшілік құрамы Исабекова А.Ш. Кукинбаев С.Д. Кукинбаев С.Д. Қабақбаев Б.А. Кукинбаев С.Д.	ӘК Кл жет отыры сы ӘК ДЖК ӘК ӘК Кл жет отыры сы
ҚАҢТАР	Ағымды	Кешенді	1. ІІ тоқсан оқушылардың үлгерімімен білім сапасының талдауы. 2. «Оқыту мен тәрбиенің тығыз байланысы» (жартыжылдықтың тәрбие жұмысының қорытынды есебі) 3. «Оқушы білімін бақылау мен бағалау жүйесі» Презентация: 4. Мемлекеттік қызмет көрсету саласында шыққан жаңа құжаттармен ұжымды, ата-аналарды таныстыру. 5. 8-10 кластарда ағылшын тілінде химия пәндерінің оқытылуы.	Исабекова А.Ш. Кукинбаев С.Д. Берікқызы А. Кукинбаев С.Д. Исабекова А.Ш.	ПК ПК ПК ТК ДЖК
	Тақырыптық	Кешенді жинақтау	1. Ғылыми негіздері бойынша оқушылар қалалық олимпиадасының қорытындысы 3. Бастауыш пен орта буын арасындағы сабақтастық бойынша 5-класс оқушыларының орта буынға бейімделуі. 4. 7 кластарда тарих, география пәнінің берілуін бақылау 5.1-4 класс оқушыларының оқу шапшандығын тексеру қорытындысы	Сүтенов Ж.Ж. Күсебай Қ. Исабекова А.Ш. Шағырова В.Б. Исабекова А.Ш.	ДЖК ДЖК ДЖК ӘК

АҚПАН	Қорытынды	класстық, пәндік жинақтау	1. Қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстарын жүйелеу. Таңдау пәндерін толық нақтылау. 2. «Қауіпті топтың» сабаққа қатысымын қадағалау 3. КҒА-на дайындықты күшейту 4. «Жас Ұлан» балалар ұйымының жұмысын ұйымдастыру нәтижелілігі. 5. 3-4-класс оқушыларының орыс және қазақ тілінен, ағылшын тілі математикадан дәптер жүргізу деңгейін бақылаудың қорытындысы 6. Бастауыш кластар ӘБ пән апталығы	Исабекова А.Ш. Кл. жетекшілері Кукинбаев С.Д. Сүтенов Ж.Ж. Аяпова А. Исабекова А.Ш. Шағырова В.Б. Еспаμβетова А.Б.	ӨК ТК ӘБО ДЖК ДЖК ӘБО
	Жаппай	Кешенді жинақтау	1. Физика, математика, инф/ка ӘБ мұғалімдерінің шығармашылық есебі. 2. Білім берудің мазмұнын жаңарту жағдайында сабақ берудегі өзгерістер: 6-кластардың білім сапасы және оқу үлгерімі. Пән мұғалімдерінің жаңаша сабақ беру әдістемесін бақылау 3. 10 класының білім сапасын бақылау, әкімшілік бақылаулар алу: физика, география, биология пәні бойынша. 4. Робототехника курсының жағдайы 5. 10 кластағы тереңдетілген физика, география, стандарттық деңгейдегі «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәндерінің берілу жағдайы.	Жауапты мұғалімдері Әкімшілік Исабекова А.Ш. Әкімшілік мүшелері Исабекова А.Ш. Нағыметова Н. Исабекова А.Ш.	ӨК ДЖК ӨК ДЖК ДЖК
НАУРЫЗ	Тақырыптық	Жинақталған	1.«Мұғалімнің кәсіби құзырлылығы» 2.ІІІ тоқсан, оқушылардың үлгерімі мен білім сапасының талдау. 3.Оқу бағдарламасындағы қиындықтар 4.Бастауыш кластардың сабақтарына қатысу, білім сапасын арттыру. Логопед жұмысының қорытындысы. 5. 8-класстың білім сапасын бақылау, әкімшілік бақылаулар алу: қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, тарих, математика, физика, химия-биология, география пәні бойынша 6. 1 кластардың білім сапасын қадағалау, білім сапасын артыру, оқу техникасының қорытындысы.	Берікқызы А Исабекова А.Ш. ӘБ жетекшілері Әкімшілік мүшелері Шағырова В.Б. Исабекова А.Ш. Құрылыс А. Әкімшілік мүшелері Исабекова А.Ш. Исабекова А.Ш. Алиμβетова Б.Е. Жайтуғанова Н.Ш.	ПК ПК ПК ӨК ДЖК ӘБО ДЖК
	Қорытынды	Пәндік жинақтау	2. Облыстық, қалалық кіші пәндік олимпиадаға оқушыларды қатыстыру 3. Тәрбие жұмысы және «Қауіпті» топтағы» оқушылармен жүргізілген жұмысының есебі. 4. Әлеуметтік топтағы оқушыларды ыстық тамақпен қамтамсыз ету жағдайы.	Сүтенов Ж.Ж. Кукинбаев С.Д. Кәдір Ж.	ӘБО ТК ДЖК

СӘУІР	Ағымды	Кешенді жинақтау	1.Эл. журналдарының толтырылуын бақылау 2.Сабақты себепсіз көп жіберген оқушылармен жүргізілген жұмысына есеп беру. 3. 4 класпен орта буынмен сабақтастығы, пәндердің берілу жағдайы. Педконсилиум. 4. ЖББ жұмысы бойынша мөлтекаудан аралау қорытынды есебі. 1 класқа және МАД сыныбына қабылданатын балалар тізімін жасақтау. 6. Дене тәрбиесі , АӘДӘБ пән апталығы 7. Мектептің аттестаттау комиссиясының жұмысы. Педкадрлардың аттестаттау қорытындысы 8. Өте жақсы оқыған оқушылармен тәртібі жақсы оқушыларды марапаттауға анықтау, 9. 9 -11 кластарды емтиханға жібету туралы. 10. Қорытынды аттестаттауға дайындық. 11. Әскери оқу жаттығу жиынына жіберу.	Исабекова А.Ш. Нағыметова Н.	ДЖК
	Жаппай	Кластық пәндік жинақтау	1. Негізгі және орта мектеп бітіретін оқушылардың шамамен орналасуы. 2. Дене тәрбиесі пәнінен президенттік тестке дайындық 3. Білім берудегі мазмұнын жаңарту жағдайында 1-10 класс оқушыларының білім сапасының көрсеткіштері. Бағалау нәтижесі. 4. 1-7 класс оқушылары мен ата-аналарының жаңашылдыққа көзқарасы және ұсыныстары туралы	Кукинбаев С.Д. Тағабиргенов Б. Қайнадин Б. Исабекова А.Ш. Кукинбаев С.Д.	ӨК ӨК ДЖК ТК
МАМЫР	Ағымды	Жекеленген	1.2020-2021 оқу жылының жүйелі талдауы. 2. ІҮ тоқсан, жылдық бойынша оқушылардың үлгерімі мен білім сапасының талдауы. 3. Оқу жылының аяқтау, кластан класқа көшіру мақсатында алынған емтихан қорытындысы. 4. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру.	Жантурина М.С. Исабекова А.Ш. Исабекова А.Ш. Кукинбаев С.Д.	ПК ПК ПК ПК
	Тақырыптық	Жинақталған	1. Білім берудің мазмұның жаңарту жағдайында 1-10 кластарда критериялды бағалау бойынша жүргізілген жұмыстардың жылдық қорытындысы. 2. Мектептегі дарынды оқушылармен жұмыстың жүйесі. 3. Мұғалімдерді еңбек демалысына шығуын ұйымдастыру 4. Жас мамандармен жүргізілген бір жылғы жұмыстың нәтижесі	Исабекова А.Ш. Сүтенов Ж.Ж. Исабекова А.Ш. Еспаμβетова А.Б.	ДЖК ДЖК ӘК ӘК
МАУСЫМ			1. Негізгі және орта мектеп бітіру емтихандарының қорытындысы 2. Мемлекеттік емтихан қорытындысы. 3. Куәлік, аттестат тапсыру	Жантурина М.С. Жантурина М.С. Исабекова А.Ш. Жантурина М.С. Исабекова А.Ш. Кукинбаев С.Д.	ПК ПК ПК

ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Әдістемелік тақырыбы:

«Мұғалімнің жеке менеджментінің мәселелері- ОТУ теориясынан тәжірибесіне дейін»

Мақсаты:

Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін, шығармашылығын жетілдіріп дамытуда тиісті әдістемелік көмек беру.

Әдістемелік жұмыстың негізгі міндеті:

Әдістемелік апталықтар мен күндерді сапалы әзірлеп, өткізу және олардың мектеп басшылары мен мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдірудегі рөлін көтеру.

Сабақтың барлық түрлерінің жоғары әдістемелік деңгейде өтуін қамтамасыз ету.

Жас мамандардың кәсіптік шеберлігін көтеру ұмыстарын ұйымдастыру.

Білім беру технологияларын енгізу арқылы сабақтардың сапасын көтеру.

Шығармашыл мұғалімдердің тәжірибесін жинақтау және тарату.

Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру, есебін жүргізу, құжаттарын реттеу.

ОӘК, әдістемелік және дидактикалық материалдар әзірлеу.

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
Әдістемелік отырыс №1			
1	2019-2020 оқу жылының әдістемелік жұмысының талдауы.	қыркүйек	Еспамбетова А.Б. Исабекова А.Ш
2	2020 – 2021 оқу жылына жоспарын бекіту.		
3	ӘБЖ ҚР Білім Министрлігінің әдістемелік- нұсқау хатымен таныстыру.		ОТЖжДО
	Ұйымдастыру сұрақтары : -курс бағдарламаларын бекіту; - әдістемелік кеңес құрамын бекіту; - әдістемелік бірлестіктердің жетекшілерін тағайындау; - жас мамандарға тәлімгерлер тағайындау. - мұғалімдердің шығармашылық шағын топтарын құру. -пән бірлестіктерінің онкүндіктерін өткізу кестесін бекіту. - мұғалімдердің аттестациясы (2020 -2021 оқу жылында аттестаттаудан өтетін мұғалімдермен әңгімелесу) - ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру. (оқушылардың олимпиада, ғылыми жоба сайыстарына, интеллектуалдық ойындарға қатысуы).		Еспамбетова А.Б. Исабекова А.Ш., ӘБЖ
	Жаратылыстану, биология, химия ӘБ мұғалімдерінің шығармашылық есебі.	қазан	Еспамбетова А.Б. ӘБЖ
Әдістемелік отырыс №2			
	Оқушылардың ҰБТ, ОЖСБ-ға дайындық жұмысының жүйесін қадағалау	қараша	Еспамбетова А.Б. Исабекова А.Ш Сүтенов Ж.Ж ОТЖжДО
	Қалалық олимпиада және ғылыми жоба сайыстарына оқушыларды дайындығының ұйымдастырылуы.	қазан/ қараша	ӘБЖ
	Әкімшілік бақылау жұмыстарын ұйымдастыру	желтоқсан	ОТЖжДО
	Тіл туралы заңның орындалуы	желтоқсан	Еспамбетова А.Б.
	Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің ашық сабақтарының талдауы	желтоқсан	ОТЖжДО
	Жас мамандар жұмысының мониторингі	желтоқсан	Еспамбетова А.Б., ӘБЖ
	Орыс, ағылшын тілдері ӘБ мұғалімдерінің шығармашылық есебі.	желтоқсан	Еспамбетова А.Б. ӘБЖ
Әдістемелік отырыс №3			
	Жарты жылдық қорытындысы: жетістіктер және кемшіліктер. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру жағдайы	ақпан	Еспамбетова А.Б. ӘБЖ

	Физика, математика, инф/ка ӘБ мұғалімдерінің шығармашылық есебі.	ақпан	Еспамбетова А.Б. ӘБЖ
	Мұғалімдердің пән олимпиадасының қорытындысы	наурыз	Еспамбетова А.Б. Исабекова А.Ш Сүтенов Ж.Ж ОТЖЖДО ӘБ жетекшілері
	ҰБТ, ОЖСБ-ға дайындық жұмысы	ақпан-наурыз	Исабекова А.Ш Жайтуғанова Н.Ш.
	1-сыныптардағы білім беру мазмұнын жаңарту бойынша ашық сабақтар есебі	ақпан	1-сынып жетекшілері
Әдістемелік отырыс №4			
	2019-2020оқу жылындағы мұғалімдердің еңбек санатын көтеру жүйесіндегі курстардан өтуі, аттестация қорытындысы	мамыр	Еспамбетова А.Б. Исабекова А.Ш
	ӘК, ӘБ жұмыс нәтижесі, рейтингі	мамыр	Еспамбетова А.Б.
	Оқу жылының аяқталуы	мамыр	ОТЖЖДО
	«Өнер» ӘБ мұғалімдерінің шығармашылық есебі.	мамыр	ӘБ жетекшілері, Еспамбетова А.Б.

Аттестаттаудан өтетін мұғалімдермен жұмыс

Мәселесі: Аттестатталушы мұғалімдердің өздігінен білім алуындағы төмен белсендігі және өз тәжірибесін таратуы.

Міндеттері:

Оқу-тәрбие үрдісінде педагогикалық қызметкерлердің шығармашылығын іске асыруға арналған жағдайларды құру. Оқу жылы бойы аттестатталушы мұғалімдердің жұмысының жүйесінің мониторингі және зерттелуі. Тиімді педагогикалық еңбектің ынталандыру жүйесін ендіру.

№ р/с	Жұмыс мазмұны	мерзімі	Өткізуге жауапты	Күтілетін нәтиже
1	Аттестатталушылардан өтініштерді қабылдау және оларды тіркеу.	қаңтар, 2021	АК хатшысы	қызметкердің өтініші
2	Ағымдағы оқу жылында жоспар бойынша аттестацияға кіретін педагогикалық қызметкерлердің тізімдерін құрастыру	мамыр, 2021	комиссия төрағасы	аттестатталушылардың тізімі
3	Мектептің педагогикалық қызметкерлерінің аттестациядан өту бойынша болашақ жоспарын құру	қыркүйек	комиссия төрағ, орынб.	жұмыс жоспары
4	«Мектептің педагогикалық қызметкерлерінің аттестациясы» стендін безендіру	қыркүйек	комиссия төрағ, орынб.	стенд саны
5	Аттестатталушы комиссиялардың мүшелеріне арналған «Педагогикалық қызметкерлердің аттестация бойынша нормативті құжаттар» нұсқама жүргізу.	қыркүйек	АК төрағасы	таныстыру
6	Аттестациялау комиссиясының отырысы	кесте бойынша	АК төрағасы	шешімдерді қабылдау
7	Аттестатталушы мұғалімдердің педагогикалық қызметінің нәтижелерінің сараптамасы (санақтық мәліметтердің талдауы, бақылау үзіктерін өткізу, оқушылардың дайындық сапасын бағалау, ашық сабақтар мен ашық шараларға қатысу)	кесте бойынша	АК мүшелері	шешімдерді қабылдау
8	Аттестацияға шығатын мұғалімдерге, оқушыларға арналған пәндер бойынша тест тапсырмаларын дайындау.	наурыз	АК төрағасы	жағымды нәтиже

9	ББ қызметкерлерінің біліктілік деңгейін бағалауға арналған қажетті материалдардың тізімін бекіту, оның жұмысының тиімділігі.	қыркүйек	АК мүшелері	шараларды іске асыру
10	Аттестатталушының әрекетінің нәтижелерін жүйелеу және жалпылау. Аттестация нәтижелері бойынша құжаттарды дайындау.	жыл бойы	АК мүшелері	материалды толықтыру
11	Өтініш білдірген санатқа сәйкес аттестаттау парақтарын ресімдеу, аттестатталушыны өтініш білдірген санаттың талаптарымен таныстыру.	наурыз	АК мүшелері	аттестациялау парағының болуы
12	Жыл бойынша аттестаттау комиссиясы жұмысының қорытындысын жүргізу	маусым	АК мүшелері	

Аттестаттау комиссиясының отырысы

№	Мазмұны	Айы	Жауаптылар
№ 1 отырыс			
1	Жаңа оқу жылына аттестаттау комиссиясының құрамын анықтау. Қайта таңдау. АК құрамын тағайындау бойынша мектептің бұйрық жобасын дайындау.	тамыз	АК мүшелері
2	Біліктілік санаттарын арттыруға, растауға үміткерлердің өтініштерін қарастыру.		АК мүшелері
3	2020 жылғы 1 қыркүйек жағдайы бойынша білімі мен санаты, еңбек өтіліне сәйкес барлық педагогикалық қызметкерлердің мінездемелерін зерттеу.		төраға, АК мүшелері
4	Біліктілік санаттарын арттыруға, растауға өтініш білдірген мұғалімдердің аттестаттаудан өту кестесін құрастыру.		АК мүшелері
5	Аттестатталушы мұғалімдердің тізімдерін бекіту.		
№2 отырыс			
1	Өткен оқу жылы бойынша аттестаттау комиссиясы жұмысының қорытындысы.	қыркүйек	төраға орынбасары.
2	2020-2021 оқу жылында аттестациялау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту		АК мүшелері
№3 отырыс			
1	Өтініш білдірген әр педагогикалық қызметкерге аттестаттау бағдарламасын әзірлеу және бекіту	қараша	АК мүшелері
2	Аттестаттау-біліктілік тестілеудің бірінші кезеңіне мұғалімдері дайындау (мерзімінен ерте).		АК мүшелері
№4 отырыс			
1	Сарапшылық қорытындыны дайындау және оны бекіту	желтоқсан	АК мүшелері
2	Аттестаттау нәтижелері бойынша сарапшылық топтың төрайымын тыңдау.		АК төрағасы
№5 отырыс			
1	Жыл бойынша педагогикалық қызметкерлердің аттестаттау нәтижесін талдау.	мамыр	төраға орынбасары.
2	Алдағы оқу жылына біліктілік санаттарын арттыруға өтініштерді қабылдау.		АК төрағасы

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ 2020 - 2021 оқу жылы

Мақсаты: Дарынды балалардың шығармашылық дамуы мен жан-жақты, дүниетанымы кең тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау, оқушылардың

табиғи қабілеттерін танып біліп дамыту, ғылыми ізденіс әдістерін үйрету арқылы шығармашылыққа баулу, шығармашылық сипаттағы жеке тұлғаны тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу.

Міндеттері:

1. Дарынды балаларды анықтау, қабілеттерін дамыту, жүзеге асыру және оларға қолдау көрсету;
2. Ғылыми - ізденіс және шығармашылық жұмысқа бейінді балаларды дамыту үшін педагог - мамандарды даярлау;
3. Ғылыми – ізденіс жұмыстарға, шығармашылыққа балалардың танымдық қызығушылығын арттыру;
4. Мектеп түлектерінің нәтижелі түрде мамандық таңдауына және мамандық бағытына көмектесу.

№	Жұмыс мазмұны	мақсаты	жауапты
Қ ы р к ү й е к			
1	Дарынды балалармен жұмыс жоспарын бекіту	Дарынды оқушының жан-жақты дамуына жүйелі жағдай жасау.	Сүтенов Ж - қосымша білім беру педагогы
2	Дарынды оқушыларды іріктеу. Дарынды оқушылар бланкін жаңарту	Оқушылардың дарындылық қабілетін анықтау	Сүтенов Ж - қосымша білім беру педагогы
3	«Зерде» ОҒҚ жоспарын бекіту	Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына бағыттау	Исабекова А.Ш.-директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сүтенов Ж- қосымша білім беру педагогы
4	Әрбір мұғалімнің жеке дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс жоспарын бекіту	Мұғалімдердің дарынды балалармен жұмыс жүргізудегі кәсіби деңгейін анықтау	Исабекова А.Ш.-директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. Пән мұғалімдері
5	РҒЖ-ға қатысу жөнінде оқушылардың ғылыми жобаларын тіркеу	Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына бағыттау	Сүтенов Ж - қосымша білім беру педагогы
6	Дебат клубы жұмысын ұйымдастыру	Оқушылардың шығармашылық қабілетін анықтау	Сүтенов Ж - қосымша білім беру педагогы
7	Оқушыларды облыстық «квант» турнирінің іріктеу турына қатысу	Оқушылардың шығармашылық қабілетін ынталандыру	Сүтенов Ж -қосымша білім беру педагогы, пән мұғалымдері
8	«Кішкентай білгірлер» сайысы /2-4 кл/	Дарынды оқушыны айқындау, оларға қолдау көрсету	Бастауыш пән мұғалімдері
Қ а з а н			
9	«Ақ бота» интеллектуалдық марафонына қатысу	Дарынды балаларды анықтау, дамыту және дарынды балаларға әлеуметтік қолдау	Сүтенов Ж - қосымша білім беру педагогы класс жетекшілер

		көрсету	
10	Оқушыларды «Зерде» шығармашылық жобаларды қорғау және зерттеу конкурсына қатыстыру /қалалық, облыстық кезең/	Оқушыларды кіші буыннан бастап ғылымға баулу және жас зерттеушілерді қолдау	Сүтенов Ж - қосымша білім беру педагогы класс жетекшілер
11	«Менің отбасым» эссе байқауының қалалық кезеңі (4 класс, сырттай)	Оқушылардың дарындылығын анықтау	Сүтенов Ж - қосымша білім беру педагогы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, класс жетекшілер
12	5-9 класс оқушылары арасында өзін-өзі тану пәнінен қалалық олимпиада	Оқушылардың танымдық қабілетін анықтау	Өзін-өзі тану пәнінің мұғалімдері
13	Оқушыларды халықаралық қашықтықтан оқыту олимпиадасына қатыстыру	Оқушылардың жалпы интеллектісін, шығармашылық қабілетін анықтау	Бірлестік жетекшілері
14	Оқушыларды облыстық квант турниріне қатыстыру /1-11 класс/	Дарынды жастарды шығармашылық жағынан қолдау	Сүтенов Ж - қосымша білім беру педагогы класс жетекшілер
15	Оқушыларды қалалық дебат турниріне қатыстыру	Оқушылардың дебат өнеріне қызығушылығын арттыру және сөз сөйлеу мәдениетін дамыту	Сүтенов Ж - қосымша білім беру педагогы
Қ а р а ш а			
16	«Русский медвежонок - языкознание для всех» халықаралық ойын-сайысына қатыстыру/3-11 кл./	Оқушылардың эрудиттік қабілетін анықтау	Орыс тілі пәнінің мұғалімдері
17	Мектепішілік пәндік олимпиада өткізу /8- 11кластар аралығында/	Оқушылардың жалпы интеллектісін, шығармашылық қабілетін анықтау	Бірлестік жетекшілері
18	Оқушыларды халықаралық қашықтықтан оқыту олимпиадасына қатыстыру	Оқушылардың жалпы интеллектісін, шығармашылық қабілетін анықтау	Бірлестік жетекшілері
